

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ

беделді құрылымға айналды, оның әлемдік мәртебесі артты



Қырғызстан астанасындағы «Ынтымақ Ордо» ғимаратында өткен алқалы жиын Түркі мемлекеттері ұйымының 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанына назар аударған Қасым-Жомарт Тоқаев бұл құрылым аз ғана уақыт ішінде беделді құрылымға айналғанын, Ұйымның әлемдік мәртебесі артқанын атап өтті. «Бұл – ең алдымен, берекелі бірлігіміздің, ортақ күш-жігеріміздің арқасы. Осы басқосу ырысты ынтымағымызды одан әрі нығайта түседі деп сенемін», – деген Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясында атқарылған шараларға тоқталды.

– Қазақстан Ұйымның іс басындағы төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын көтерді. Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аудардық. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бірқатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті.

Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылдадық. Оның ережесі бекітілуге дайын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Бішкекте өткен ТМҰ саммитіне қатысты

БІЛІМ

ALMATYNYŇ 13 UNIVERSETETI

Азияның үздік жоғары оқу орындарының рейтингіне енді

QS Asia University Rankings 2025 рейтингіне Қазақстанның 35 жоғары оқу орны кірді, оның 13-і Алматыдан.

Айта кетейік, Азияның үздік жоғары оқу орындарының рейтингіне 25 ел мен аумақтан 985 жоғары оқу орны қатысты. Қазақстандық жоғары оқу орындары үшін ең үлкен бәсекелестік Үндістан, Қытай, Жапония және Оңтүстік Кореяның жоғары оқу орындары болды.

QS агенттігі өкілдерінің айтуынша, Қазақстан жоғары оқу орындары жақсы серпін көрсетіп, өткен жылмен салыстырғанда серпінді көрсеткішке жеткен. Мысалы, 22 қазақстандық жоғары оқу орны өз позициясын жоғарылатты, үш ЖОО өз позициясын сақтап қалды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті рейтингтің алғашқы 100-дігіне енді. Сондай-ақ, Satbayev University 89-шы орынды иеленіп, ТОП-100 қатарына кірді.

Бұл рейтингті әлемдегі ең беделді агенттіктердің бірі QS Quacquarelli Symonds әзірлейді, ол университеттерді академиялық бедел, жұмыс берушілердің беделі, оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы, ғылыми жарияланымдар және халықаралық зерттеулерге қатысу сияқты критерийлер бойынша бағалайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Дереккөз: www.pexels.com; esquire.kz

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

8.11.2024

Түнде: 0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар), тұман.

Күндіз: +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

9.11.2024

Түнде: 0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз: +6+8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

10.11.2024

Түнде: +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +7+9 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

01 745178 614887 12

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ

беделді құрылымға айналды, оның әлемдік мәртебесі артты

(Басы 1-бетте).

Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, «ұйым аясында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы байланыстар да беки түскен. Ұйымға мүше елдер арасындағы сауда-саттықты жандандыру өте маңызды және қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажет. Адам капиталын дамыту – аса маңыз-

ды міндет. Түркі өркениетін жаңғырту үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану керек. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым-білім саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейткен жөн».

– Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жалғастырып келеді. Мұны түркі интеграциясын тереңдетуге бағытталған қадам деп бағалаймын. Бүгінгі саммитке қырғыз

бауырларымыз «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» тақырыбын ұсынып отыр. Бұл ұсыныс бәріміздің мүддемізге сай келеді. Соңғы 10 жылда ұйым мүшелері арасындағы экономикалық байланыстар нығая түсті. Биыл өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асты. Осы көрсеткішті әлі де ұлғайтуға болады. Оған мүмкіндігіміз жетеді. Түркі әлемін экономикалық тұрғыдан одан

әрі өркендету үшін Орта дәліздің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Оның стратегиялық мәні бар. Сондықтан тасымалдау жолдарына қатысты бірлескен келісім жасау қажет. Мұндай қадам тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Ұйымға мүше мемлекеттер бұл бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін, – деді Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ:

тұрақты даму, цифрлы болашақ және қауіпсіздік

Бішкек саммиті «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлы болашақ және қауіпсіздік» тақырыбы аясында өтті. Соңғы он бес жылда Түркі мемлекеттері бірлігі бірнеше этаптық даму кезеңінен өтіп, бүгінде халықаралық саясатта өзіндік ұстанымы бар, іргелі саяси күш орталығына айналды. Саммит аясында Түркі мемлекеттері ұйымының жаңартылған туы қабылданып, бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылды.

нының өтуі тек түркі дүниесі аясында ғана емес, сонымен қатар тұтас жаһан жұртшылығы алдында көшпенділер мәдениетінің маңызы мен құндылығын дәріптеудің алымды шарасына айналды. Алайда, қазіргі таңда Түркі мемлекеттері ұйымының алдында – экономика, инвестиция, қауіпсіздік саласында маңызды белес тұр.

Бішкекте өткен ХІ саммитте аталмыш салалар бойынша маңызды құжаттарға қол қойылып, мемлекет басшылары деңгейінде Түркі мемлекеттері ұйымының кезекті даму бағдары айқындалды. Мақаламызда әлемдік саясатта маңызды күш орталығына айналып келе жатқан Түркі мемлекеттері ұйымының бүгінгі мен болашағын талдап көрелік.

• **Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында сауда айналымы өсіп, жалпы көлемі бүгінде 45 млрд АҚШ долларын құрады. Жалпы ауқымы 170 миллионнан астам халықтың басын біріктіретін Түркі мемлекеттері ұйымының экономикалық әлеуеті жоғары. Сам-**

митте, тараптар арасында орталық банктер арасында кеңес құру жөнінде бастама көтерілді.

- **2023-2024 жылдар аралығында Түркі мемлекеттері ұйымына Қазақстан төрашалық етті. Бішкекте өткен ХІ саммит аясында тізгін Қырғызстан Республикасына берілді.**
- **Түркі мемлекеттері ұйымына бүгінде 5 толыққанды мүше: Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан және екі бақылаушы статусындағы мемлекеттер – Венгрия мен Түрікменстан кіреді.**
- **Бішкек декларациясы аясында Қырғызстанның бас қаласы 2025 жылдың цифрлық астанасы болып жарияланды.**

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ТУЫ: нақты шешім қабылданды

Саммит аясында Бішкек декларациясы қабылданып, ұйымның қызмет барысын ілгерілету бойынша біршама нақты бағдарламалар жарияланды. Саммит қорытындысында түркі мемлекеттерінің экономикалық интеграциясы бойынша

бірнеше бағдарлама қабылданды. Сонымен қатар, тұтас түркі жұртының бірлігі мен мәдени мұрасын бейнелейтін ұйымның жаңа туы ресми түрде қабылданды.

Ту көк түсті (Pantone 3125C), негізгі үш элементтен тұрады: сегізбұрыш, жұлдызды жарты ай және тудың дәл ортасында қырық түзу сәулелі күн орналасқан. Тудың әрбір элементі терең символикалық мәнге ие. Біріншіден, таңдап алынған көк түс, тамырын тереңнен алатын біртұтас түркі халықтарының мәдениеті мен дәстүріндегі ортақ тарихи байланысты, әрі бейбітшілік пен береке-бірлікті білдіреді.

Екіншіден, сегізбұрыш ғасырлар бойы қалыптасқан түркі мемлекеттілігінің моделін, тұрақтылық пен даналықты білдіреді. Үшіншіден, жарты айды айнала шашқан қырық түзу сәуле түркі дүниесінің ортақ құндылықтарын, мүддесін көрсетеді. Төртіншіден, тұтас түркі әлеміне ортақ символ – жұлдызды жарты ай, әрбір ұйымға мүше мемлекеттің болашаққа деген ұмтылысы мен мемлекеттік құрылымын көрсетіп тұрғандай. Тұтастай алғанда, жаңадан қабылданған байрақ түбі бір тұтас түркі дүниесінің ортақ құндылықтары мен болашаққа деген ортақ ұмтылысының мәнін Түркі мемлекеттері ұйымы аясында толық ашып тұрғандай әсер қалдырады.

БАСЫМ БАҒЫТТАР

Саммитте Түркі мемлекеттері ұйымы қызметінің басым бағытта-

ры жарияланды. Жасыл энергетика, адам капиталы, инвестиция саласындағы интеграция, экономикалық сауда саласындағы ортақ жобаларды жүзеге асыру жөнінде маңызды мәселелер көтерілді. Алайда, қазіргі таңда түркі дүниесі аясында адам капиталына терең көңіл бөлу өте маңызды. Ғылыми-зерттеу орталықтары мен білім беру мекемелері арасындағы байланыс Түркі мемлекеттері ұйымының аясында азаматтар арасындағы байланысты тереңдете түсетін болады.

Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы аясында жаһандық киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша ортақ жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Бішкек қаласында өткен ХІ саммит аясында цифрландыру, цифрлық даму саласындағы интеграциялық жобалар бойынша мәселелерге ерекше көңіл бөлініп отыр. Қараша айының 9-10 күндері Бішкекте Түркі мемлекеттері ұйымы аясында жасанды интеллект саласындағы жетістіктер бойынша саммит ұйымдастырылмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран»
университеті.



IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР МЕДИА ФОРУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

TURKTIME: ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ МЕДИА ЖӘНЕ ТУРИЗМ БІРЛІГІ

Түркітілдес елдердің журналистері жыл сайын дәстүрлі түрде бас қосып, пікір алмасып келе жатқаны мәлім. Мұндай басқосуда бауырлас, тамырлас елдердегі әріптестер саладағы даму тенденцияларын талқыға салады. Түркітілдес журналистердің Халықаралық форумы деп аталатын мұндай игі шараны Түркітілдес журналистер қоры бас болып ұйымдастырып келеді.

ЕСТАЙ БОЖАН

Соңғы жылдары аталған форум Түркі әлеміндегі медиа мен туризм салаларының басын біріктіруге күш салып келеді. Айталық, бытыр III Халықаралық Түркітілдес журналистер форумы Алматы облысының жаңа орталығы – Қонаев қаласында өтті. Түркітілдес журналистер арасында Медиа және туризм форумы Түркі елдеріндегі осы екі саланың әлеуетін біріктіруге тиімді алаң ұсынуда. Сол арқылы мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге де өз септігін тигізетін жоба. Форумға әлемнің түкпір-түкпірінен, республикамыздың жер-жерінен журналистер мен туризм саласының өкілдері жиналады. Саланың майталман мамандары, кәсіби сарапшылары, үздік әдіскерлері пікір алмасады.

АЛМАТЫ – МЕДИА МЕН ТУРИЗМ АЛАҢЫ

Биыл түркі әлеміндегі бұл дүбірлі жиын 11-12 қараша күндері Алматы қаласында өткелі тұр. IV Халықаралық Түркітілдес журналистер медиа

форумы 4 негізгі тақырыпты арқау етпек. Алғашқы отырыста түркі әлеміндегі туризм мен PR мәселесін, яғни түркі әлеміндегі PR мен маркетинг құралдарын тиімді пайдалану арқылы туризмді ілгерлету мәселесі қарастырылады.

Қазіргі таңда түркі тілдес елдердің туристік әлеуеті өзінше биік деңгейде, оған медиа мен маркетинг мүмкіндіктерін қоса алғанда туризм нарығында әр елге жоғары табыс әкелетін жаңа стратегиялар құруға мүмкіндік бар. Алдағы форум міне, осы мәселені бағдарлай отырып, түркі әлемінде туризмді дамытудың бірлескен стратегиясын әзірлеуді де мақсат тұтқан.

Түркі елдеріндегі геосаяси жағдайлар да медиа форумның негізгі тақырыптарының бірі болғалы тұр. Жаһандық құбылмалы геосаяси үрдістерге қоса, түркі әлемі де ерікті-еріксіз геосаяси өзгерістерге ұшырап келеді. Бұл өзгерістердің түркі елдеріндегі медиаға жасаған ықпал-әсері де әр елдегі әріптестердің ортақ пікір алмасытын тақырыбы. Форумда күрделі жаһандық өзгерістер тұсындағы журналистердің халықаралық

қоғамдастығын, жеке кәсіптік біліктілігін жетілдіру бойынша сарапшылардың пікірлері ортаға салынады деп күтілуде.

ТЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАР, ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Бұдан тыс үшінші пленаралық отырыс «Ақпаратты тұтынудың болашағы: Жасанды интеллект, жаңа формат» деген тақырып аясында өрбімек. Онда медиа саласының болашағын қалыптастыратын тенденциялар, жаңа үрдістер сөз болмақ. Негізгі бағыттарында редакциялардың жаңа форматтар мен платформаларға бейімделуі, жасанды интеллекттің журналистика саласына ықпалы мен мүмкіндіктері қамтылған. Сондай-ақ, VR/AR технологиялар, контентті монетизациялаудың жаңа әдістері, ақпараттар таратуда TikTok, Reels, Podcast т.б. платформаларының маңызы, қолдану әдістемелері де сала мамандары мен эксперттер аузынан айтылады деп күтілуде. Ал журналистер мен блогерлер үшін контентті монетизациялау, яғни жазылым, жарнама, электронды коммерция, мерчендайзинг, БАҚ-та жасанды интеллектті қолданудың этикалық қыры сынды тәжірибелік лекциялар да осы отырыс аясына топтастырылған.

«АЙМАҚТАҒЫ БАҚ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК»

Түркітілес журналистердің IV Халықаралық форумы өзінің соң-



ғы талқы тақырыбын өңірлік журналистиканы дамытуға бағыттап отыр. Бұны бір жағынан аталған жобаның кезекті жаңалығы ретінде атауға да болады. Яғни «Аймақтағы БАҚ және бәсекелестік» деген тақырыпта өңірлік журналистиканы дамытудың заманауи жолдары сөз болады. Бүгінгі отандық журналистиканы өңірлерде теңдей дамытудың мүмкіндігі толық жүзеге аспай келеді. Осы тұрғыдан өңірлік бақтағы түйткілдерді, соның ішінде экономикалық, қаржылық қиындықтар, жарнама түсімдерінің аздығы, кірістің аздығынан тартып, интернет ресурстарын өңірлерде тиімді пайдалану мәселесіне дейінгі толып жатқан на-

ғыз салалық проблемаларды осы бөлімде тереңдей талдап, жіліктейтін сарапшыларға сөз беріледі. Өңірлік журналистиканы дамыту арқылы елдегі сөз бостандығынан тартып, өңірдің даму мүмкіндіктерін жетілдіру сынды толып жатқан артықшылықтарды игеруге жол ашылатынын ескерсек, форумның бұл көтерген тақырыбы да әріптестер үшін қызықты болары анық.

Айтулы жиын осы тақырыптарды негіз ете отырып, Медиа мен туризмдегі толып жатқан басты проблемаларды ортаға салып талқылауды көздеген. Форум барысы мен талқы тақырыптары алдағы уақытта басылымымызда кеңінен орын алатын болады.



ГЕОСАЯСАТ

Президенттің Париж сапары:

ҚАЗАҚ – ФРАНЦУЗ

қарым-қатынасы жаңа серпінге ие болды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада Парижде мемлекеттік сапармен барды. Мәртебелі қонағын Франция президенті Эмманюэль Макрон құшақ жая қарсы алды. Елисей сарайының алдындағы салтанатты күтіп алу шарасы, атты француз жасақтарының шеруі, Құрмет қарауылы Букингемнің мәртебелі мейманға деген ықылас-пейілін аңғартты.



• Қазақстан Президентінің француз жұртына сапарлай баруы, ондағы салтанатты күтіп алу және жоғары деңгейдегі дипломатиялық кездесулер көптеген ақпарат құралдарының назарын өзіне бұрды. Орталық Азиядағы көшбасшы елдің Еуропалық одақ елдерімен белсенді қарым-қатынасы қазіргі геосаяси жағдайда көпшілік назарында болатыны түсінікті жайт. Маңызды айрықша дипломатиялық жүрістің жай-жапсарын тереңдей зерделеп көрейік.

Стратегиялық серіктестік

Қазақстан мен Франция 2008 жылдан бері стратегиялық серіктестік қарым-қатынасын дамытып келеді. Соңғы жылдары Астана мен Париж арасындағы дипломатиялық алмасулар қарқынды түрде артты. Оның мысалы ретінде екі ел Президенттерінің соңғы 3 жыл ішінде үш мәрте жүздесіп үлгергенін айтсақ та жеткілікті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы кезектен тыс Президент сайлауынан кейінгі өзінің Еуропадағы алғашқы сапарын Франциядан бастаған болатын. Былтыр ғана елімізге Эмманюэль Макрон сапарлай келіп, Қазақстан және аймақ елдерімен ынтымақтастықты дамыту мәселесін тағы бір деңгейге көтеріп қайтқан. Ал бұл жолы Қазақстан Президенті Францияға мемлекеттік сапармен барып отыр.

Қазақ-француз қарым-қатынасының қарқынды дамуын екі ел арасындағы сауда және инвестицияның көлемінен де аңғаруға болады. Франция елімізге инвестиция салған алдыңғы бес ірі елдің қатарына кіреді, әрі Еуропа елдері арасындағы негізгі сауда серіктесіміз саналады. 2023 жылы Қазақстан-Франция арасында 4,2 миллиард АҚШ доллары көлемінде тауар

айналымы болған. Биыл бұл көлемнен де асып түсері белгілі, себебі жылдың алғашқы 8 айының өзінде екіжақты сауда айналымы 4 млрд долларға жеткен. Бұдан бөлек, елімізге тікелей инвестицияланған француз капиталының да көлемі айтарлықтай жоғары.

Кездесу кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдегендей, біздің елімізде француз капиталы бар 200-ге жуық компания жұмыс істейді. Ал Қазақстан болса, Францияның энергетика саласындағы маңызды серіктесі. Жыл сайын француздарға жеткізілетін қазақ мұнайының көлемі 2,5 миллиард долларға жуық. Ең маңыздысы, электр энергиясының 70 пайызын АЭС арқылы өндіретін елге Қазақстан маңызды ядролық отын жеткізуші ел ретінде маңызды.

Белсенді әрі сенімді саяси диалог

Атап өткеніміздей, екі ел арасындағы жоғары дипломатиялық алмасулар жиілеген. Кезекті жүздесуге Франция тарабы да баса мән берді. Қарсы алу және келіссөз кездесулері қос тараптың ыстық ықылас, жылы лебізіне толы болғаны да соны растайды. Оның үстіне Париждегі кешкі қонақасы, қазақтың мақтаншы Димаштың ән шашуы, Президенттердің

екеуара еркін сейілдеп, аудармашысыз әңгіме-дүкен құруы, Қазақстанның мәдениетіне арналған көрмені тамашалауы сынды шаралар да жоғары дипломатиялық байланысты анық көрсетті.

Мемлекет басшысы франциялық әріптесінің былтырғы Астана сапары қазақ-француз қатынасын жан-жақты тереңдетуге тың серпін бергенін жеткізді. Ал Эмманюэль Макрон болса: «Сіздің арқаңызда соңғы жылдары екі ел арасындағы серіктестік айтарлықтай нығайды», – деген жылы лебізімен бөлісті. Келіссөз кездесулерінде екі ел басшысы да серіктестік қарым-қатынасты барынша дамытуға мүдделі екендіктерін білдірді.

Сауда-экономикалық, энергетика тармақтары қозғаушы болатын қазақ-француз қатынасы мәдени-гуманитарлық салаларда да – айталық білім беру, ғылым, медицина және тарих салаларындағы ынтымақтастықпен де тереңдей түскен. Мұны кездесу барысында екі ел басшысы да растап өтті. Түрлі бағытта алға ілгерілеген екіжақты байланыстарды Мемлекет басшысы «Белсенді әрі сенімді саяси диалог» ретінде бағалады.

Келіссөз бен келісім

Мемлекеттік сапары аясында Қазақстан Президенті франциялық әріптесімен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Одан бөлек, инвестициялық дөңгелек үстелге де қатысты. Елдегі Orano және EDF секілді алпауыт компаниялардың жетекшілерімен де жекелеген кездесулер өтті. Ресми келіссөз кездесулердің басты бағыты машина жасау, көлік-логистика ауыл шаруашылығы, энергетика, өнеркәсіптің кооперация, климат, цифрлық даму және денсаулық салаларындағы ынтымақтастық мәселелері болды. Соған қоса, тараптар қазақ-француз арасындағы тың серпінмен дамып келе жатқан мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайта түсуге ниетті.

Келіссөздерден кейін екі ел басшысы бірлескен декларацияға қол қойғаны мәлім. Бұл құжатқа қол қоя отырып, қос тараптың жетекшілері «екі ел арасындағы барлық деңгейдегі сенім мен тұрақты диалогты құптауында» және «мемлекетаралық қарым-қатынастарды тереңдетуге, кеңейтуге және әртараптандыруға ниетті екенін» растады.

Басты бағыт – энергетика

Президенттің Франция еліне сапары қарсаңында отандық және шетелдік ақпарат құралдары тараптардың энергетика мәселесін басты тақырып ететінін жазған болатын. Әрине, Қазақстан мен Францияның стратегиялық қарым-қатынасының тұрақты дамуында энергетика саласындағы ынтымақтастық басты бағыт болып қала береді. Бұны кездесу барысында екі ел басшысы да растады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан тарабы Францияның энергетикалық тәуелсіздігін қорғауға табанды қолдау көрсететінін жеткізді. Бұл мәлімдеме қазіргі геосаяси жағдайда Франция үшін де қажетті кепілдік деуге болады. Украинадағы жағдайға байланысты француз тарабы өзінің ядролық энергия өндірісіне тұрақты әрі сенімді шикізат көзіне баса мән беріп отырғаны мәлім.

Ал Қазақстан да Францияның атом өнеркәсібінің мол тәжірибесін өзінің энергетикалық тәуелсіздігінде тиімді қолдануды көздейді. Кезекті сапары барысында Мемлекет басшысының француздың Orano және EDF сынды алпауыт компанияларының жетекшілерімен кездесуі де осы бағыттағы бастамалардан дерек береді. Париж төрінде Президент Тоқаевтың Қазақстан мен Франция «азаматтық атом энергиясында ынтымақтас алатынын» айрықша атап өтуінің мәні де осында.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

6 қараша күні Астанада Үкімет отырысы өтті. Үкімет басшысы Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен жиынға жауапты мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Ресми жиында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау шаралары талқыланды. Сондай-ақ, 2025 жылға арналған Үкімет әзірлейтін заң жобаларының жоспары бекітілді. Бұлардың ішінде халықты әлеуметтік қорғау және қамтамасыз ету мәселесі толғандырары сөзсіз. Ендеше, Үкіметтің осы бағытта қандай жоспарлары бар екеніне тоқталайық.

«ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ»

Әр азамат бұл құжат жобасына өз талап-тілектері мен ескертпелерін енгізуге құқылы

модельге көшу. Бұл дегеніміз, медициналық және қаржылай көмекке қоса мүгедектігі бар адамдарды саяси-құқықтық тұрғыдан қорғау жүзеге аспақ.

Инклюзивті саясатты іске асырудың жаңа тәсілдерін енгізу арқылы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау, олардың мүмкіндіктерін кеңейту, қоғамға толыққанды сіңісіп кетуіне жағдай жасалмақ. Жаңа тәсілдерге мыналар кіреді:

- Құқықтық қорғауды күшейту мақсатында мониторинг пен бақылау тетіктерін арттыру;
- Сот ісін жүргізу барысында инклюзивті мамандарды тарту;
- Пенитенциарлық мекемелердің инфрақұрылымын кезек-кезеңімен жаңарту;
- Отандық құқық қорғау мекемелері – адам құқықтары жөніндегі уәкілдер мен халықтың әлеуметтік осал топтары институттарының өкілеттіктерін кеңейту;
- Министрліктің өңірлермен байланысын күшейту;
- Жұмыс берушілерді мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға ынталандыру және т.б.

Басты мәселе – балаларды қорғау

Үкімет отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова осы тақырыпта маңызды баяндама жасады. Ол өз сөзінде елімізде бүгінде 732 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұратынын айтты. Бұл халықтың жалпы санының 3,6%-ын құрайды. Оның ішінде 57%-ы – еңбекке қабілетті жастағы адамдар, 27%-ы – зейнеткерлік жастағы адамдар, 15%-ы – балалар.

Аурулардың нозологиялық формаларының құрылымы бойынша 18 жастан асқан адамдар арасында психикалық бұзылулар (18%), қан айналымы жүйесінің аурулары (17,2%), өзге де жарақат түрлері (13%) басым.

Ал балалар мүгедектігі бойынша жүйке жүйесінің аурулары (26,6%), туа біткен (25,1%) және психикалық ауытқулар (22,4%) көбірек кездеседі. Министрліктің талдауы көрсеткендей, соңғы 3 жылда балалар арасында 11,4%-ға өсім байқалады. Бұл сандар бәрімізді алаңдатуы тиіс. Балалар арасында неге пайыз саны өсіп жатыр? Бұған бір жағы экология, екінші жағынан қоғамдағы әлеуметтік көңіл-күй де әсер етуі мүмкін. Үшіншіден, цифрлы қоғамның да ықпалын ескерген жөн.

Алматы әкімдігінің нәтижелі оң тәжірибесі

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова өз баяндамасында мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қорғау ісінде Алматы қаласы әкімдігінің тәжірибесін сөзге тиек етті. Оның сөзінше, Мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілер институтын енгізуде Алматы қаласы жақсы нәтиже көрсетуде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Светлана ЖАҚЫПОВА,
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі:

КЕҢЕСШІ
ЖҰМЫСЫНЫҢ
СӘТТІ ҮЛГІСІ



Мүгедектік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшілер институтына жеке тоқталғым келеді, олардың рөлі артып келеді. Министрлер мен барлық деңгейдегі әкімдердің кеңесшілері өмірдің барлық аспектілерінде мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау жөніндегі саясатты іске асыруға тартылды.

Кеңесші жұмысының сәтті үлгісін біз Алматы қаласынан көріп отырмыз. Әкімнің кеңесшісі жобалық кеңсеге енгізілген және мүгедектігі бар адамдардың алға қойған мақсаттары мен қажеттіліктеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін шағын штаты бар. Кеңесші Қасиет Омарова өзекті мәселелерді көтеріп, мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғаммен бірлесіп сындарлы шешім табады. Алматы қаласын дамытудың Жол картасын талдау нәтижесінде Кеңесші офисі инклюзия қағидаттарын ескере отырып, жоспарлау және іске асыру үшін 300 іс-шараға 189 түрлі ұсынымдар енгізді.

Өңірлер әкімдерінің назарын осы оң тәжірибені енгізу қажеттілігіне аударғым келеді.



Пердехан
ШӘМШИЕВ

Ашық НҚА сайты:

12 қарашаға дейін қоғамдық талқылау

2022 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында бірінші кезекте ерекше қажеттіліктері бар балалар мен азаматтарға ерекше қолдау көрсету қажет екенін атап өткен болатын. Осыған орай Үкімет 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасын әзірлеуде.

Еліміздің Премьер-Министрі Олжас Бектенов 6 қарашада өткен Үкімет отырысында тұжырымдама жобасы 15 қарашаға дейін дайын болуы керек деп тапсырма берді. Жауапты мемлекеттік орган ретінде тұжырымдаманы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі дайындап жатыр. Тұжырымдама жобасы Ашық НҚА сайтына 29 қазанда салынды. Жоба 12 қарашаға дейін қоғамдық талқылаудан өтпек. Осы уақыт аралығында еліміздің азаматтары құжатқа байланысты талап-тілектері мен ескертпелерін енгізуге құқылы.

Бұл тұжырымдама несімен ерекше? 31 қазанда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында осы сұраққа жауап берді. Оның сөзіне қарағанда Үкімет мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеу моделін өзгертуге білек сыбана кіріскен екен. Дәл қазір медициналық-әлеуметтік модель бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолдау көрсетіледі. Яғни Үкімет осы уақытқа дейін мүмкіндігі шектеулі азаматтарға тек медициналық және қаржылай көмек беріп келген. Ендігі мақсат – әлеуметтік-құқықтық


ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

АҚШ-тағы президенттік сайлау:

Сонымен, Америкадағы сайлау нәтижесінде Трамп Ақ үйге қайта оралды. Сайлаудың ресми қорытындысы әлі жарияланбаса да, Республикашыл үміткердің жеңісі қазір талас тудырмайды. Демократтардың үміткері Камала Харрис те жеңілгенін мойындап, мәлімдеме жасады. Осылайша АҚШ-тың 47-ші президенті болып Дональд Трамп алдағы төрт жылда Ақ үйге жетекшілік етпек. Араға бір кезек салып экс-президенттің қайта билікке келуі АҚШ тарихында соңғы 100 жылда болмаған жағдай. Әйткенмен, көпшілікті бұндай деректерден гөрі «Енді не болады?» деген сұрақ көбірек ойландырады. Біз де осы сауалды қаузағалы отырмыз.

ТРАМП ЖЕҢДІ

Уәде мен нәтиже арасындағы төрт жылда не өзгереді?



«Американы қайтадан ұлы ету»

Бұл Трамптың сайлау алдында көтерген ұраны. Әрі көптеген америкалықтардың көңіліне қонған саяси ұран. «Американы ұлы ету» немесе «Американың ұлы болуы» немен өлшенеді? Бұл арада Құрама Штаттардың ішкі экономикалық өсімінен тыс, халықаралық аренадағы көшбасшылық орнының бекем сақталуы да маңызды. Демек, бұл саяси ұран астарында АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясаты жатыр деуге болады. Американы қайтадан ұлы етуші саясаткер көшбасшылық орынға қауіп төндірген державалармен бәсекелестік қарым-қатынасты арттыратыны даусыз. Бұл «Қытай арманын» көтерген тағы бір елдің лидерімен бәсекеден дерек береді. Яғни біз, алдағы уақытта АҚШ пен Қытай қарым-қатынасы тіпті де қарқынды бәсекелестік үстінде өрбитініне куә боламыз.

АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясаты қайта оралған Трамптың өзіне ғана емес, оның жаңа үкметті қалай жасайтындығымен тікелей байланысты. 2016 жылы желтоқсанда Трамптың жаңа командасының құрамы белгілі болған тұста кейбір көреген саясаттанушылар Вашингтон мен Бейжің арасының салқындалуының болжап үлгерген. Осаливан, Тиллерсон, Майк Помпео, Джеймс Мэттис сынды үкімет құрамы Трамптың адуынды саясат жүргізетінінен алдын ала дерек берген. Сол секілді жаңа үкімет құрамы мен Ақ үйдің қауіпсіздік, сауда-экономика және сыртқы саясат бойынша кеңесшілерінің кімдер болуы Трамп саясатының қай бағытта дамидынын анықтайтын алғашқы көрсеткіш.

Ықтимал өзгерістер

Трамптың келуі АҚШ-тың сыртқы саясатын түбегейлі өзгертпейді. Бірақ оның бұған дейін анық болған ұстанымдары бар. Айталық, НАТО, ЕО, Қытай, Ресей, Иран, Солтүстік Корея мен Таяу-Шығысқа қатысты саясатының қазіргі Байден әкімшілігімен айырмаланатын тұстары бар. Трамп кезінде

Құрама Штаттар «Үнді-Тынық мұхиты» деп аталатын геосаяси аймақты барынша назарға алды. Әрі Қытайды аталған аймақтағы өзінің стратегиялық бәсекелесі ретінде алғаш рет жариялады. Америкалық нарық пен америкалық өндірістің мүддесін алға тарта отырып, Қытаймен сауда соғысын бастаған болатын. Оған қоса НАТО сынды қорғаныс альянсына ауыр сындар айтып, ЕО елдерімен келіспеушіліктерді күшейткен болатын. Бұл жағдай тура сондай қайталанбаған күнде де Құрама Штаттардың Қытаймен, Еуропалық одақпен қарым-қатынасы Байден кезіндегідей болмауы бек мүмкін. Бұны қазір де көптеген сарапшылар болжап отыр.

Ал «Ресей мен Украина арасындағы соғысты 24 сағатта тоқтату» туралы «уәдесі» айтқанындай орындалады дегенге ешбір сарапшы сенбейді. Бірақ екі тарап теңдей қабыл алуы мүмкін ұсыныстармен қақтығысты тоқтату бойынша қадамдарға басымдық беретіні анық. Бұл Еуропа және Орталық Азияға әсер ететін жаңа өзгерістерге бастауы мүмкін. Ал Трамптың Орта Шығыстағы саясаты – Израильге шексіз қолдау, Иранды қатаң шектеу негізінде алға жылжитынын алдын ала болжауға болады. Бұған дейінгі президенттік өкілеттілігі тұсында Трамп Иранның ядролық қалыптасуына басымдық беретіні анық. Қазіргі Таяу-Шығыстағы негізгі бәсеке Израиль – Иран арасында жүріп жатқандықтан аймақта қақтығыс қаупі жоғары ықтималдылығын сақтайды.

Көптеген сарапшылардың пікірін қарастырғанда, Трамп билігі тұсында АҚШ-тың Орта Азиядағы белсенділігі Вашингтон – Бейжің қарым-қатынасына байланысты өрбиді дегенге саяды. Егер өткен кезеңдерге қарайтын болсақ, Қазақстанның АҚШ-пен қарым-қатынасы Республикашылдар билігі тұсында қарқынды дамып отырғанын байқаймыз. Оған қоса АҚШ-тың бізге көршілес күш орталықтарымен бәсекесіне байланысты Орта Азиядағы белсенділігі жаңа деңгейге шығуы әбден мүмкін. Әрі бұл C5+1 форматында алға жылжитыны даусыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Өмірбек ҚАНАЙ,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері:

ҮШ АНЫҚ

Біріншіден, Трамптың билікке келуі Ресей–Украина соғысына әсер етпей қоймайды. Алайда, соғыстың қазіргі ауқымы және АҚШ пен Еуропаның осыған дейін Киевке көрсеткен әскери және экономикалық көмегінің көлемі, сондай-ақ атамашы соғыстың Еуропаның қауіпсіздігіне ықпалы тұрғысынан алып қарағанда, қысқа уақытта соғыста бірден тағдыр-шешті бетбұрыс болатынын айту қиын. Дегенмен, Трамптың осыған дейінгі емеурінінен Киевке көмек мәселесінде негізгі ауыртпалықтың Еуропа елдеріне түсетінін байқауға болады.

Екіншіден, алдағы уақытта Трамптың сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі – бұрынғыдай Үнді-Тынық мұхиты аймағы болып қала бермек. Соңғы жылдары АҚШ Үнді-Тынық мұхиты аймағында одақтастарымен әскери және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын тіпті де нығайта түскен болатын. Бұл өз кезегінде АҚШ пен Қытай арасында күшейе түскен геосаяси және геэкономикалық бәсекелестікке, Вашингтонның Пекиннің аймақтағы саяси, экономикалық және әскери ықпалын тежеу мақсатына тікелей байланысты.

Үшіншіден, Трамптың алдағы саясатының Орталық Азияға ықтимал әсеріне келетін болсақ, АҚШ-тың аймақ елдерімен қарым-қатынасында түбегейлі өзгеріс болмайтынын, қалыптасқан саяси, дипломатиялық байланыстардың C5+1 форматында дами беретінін топшылауға болады. Дегенмен, Трамптың екінші билігі кезінде АҚШ-тың Ресей мен Қытайға қаратқан сыртқы саясатының қалай өрбитіні де Орталық Азияға жанамалай болсын өз әсерін тигізери даусыз.



ӘУЕ КЕҢІСТІГІ

Гокер КӨСЕ:

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ:

100 млн доллар инвестиция салынады

Алматы қаласында алғаш рет Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ICAO), ACI Europe және ҚР Көлік министрлігі мен Қазақстанның авиациялық әкімшілігінің қолдауымен «Green Airports» аймақтық семинары өтті.

Семинар жұмысына ICAO (EUR/NAT) және Солтүстік Атлантика аймақтық бюросының директоры Николас Ралло, Еуропа әуежайларының халықаралық кеңесінің (ACI Europe) Бас директоры Оливье Янковец, TAV Airports компаниясының бас директоры Серкан Каптан, Алматы халықаралық әуежайының президенті Гокер Көсе, халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының, Қазақстан мен Еуропа әуежайларының, авиакомпаниялардың өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында Алматы халықаралық әуежайының президенті Гокер Көсе ескі терминалдағы жөндеу жұмыстарының қашан аяқталатынын айтты.

— 2025 жылдың соңына дейін ескі әуежай терминалындағы жөндеу жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, әуежайдың сол жақ ұшу жолағына инвестиция құйылатын болады. Жалпы әуежайға кем дегенде, 100 миллион доллар инвестиция салынады. Біз қазір нақты мастер-жоспар жасаудамыз, ол инвестицияларды дұрыс бағыттауға көмектеседі, — деді Гокер Көсе.

Сондай-ақ, ол әуежайдың маусым айындағы ашылған жаңа терминалына қатысты сынға жауап берді.

— Алматы әуежайының жаңа терминалы уақытынан бұрын салынып, іске қосылды. Сондықтан біз кей кемшіліктерді әлі де жойып жатырмыз. Алдағы уақытта әуежайдың салаларын дамытуға көмектесетін инвестициялар жасалады. Біз, тіпті, әуежай аумағында орналасқан бомбадан қорғану орындарын да күшейтіп жатырмыз. Өйткені, 40 жыл бойы олар күтіп ұсталмаған және ешқандай жөндеу жұмыстары жүрмеген. Ол ескі әуежай терминалында орналасқан, жалпы ауданы — 1000 шаршы метр. Біз оны жаңартып, заманауи талаптарға сәйкес болуы үшін жұмыстар жүргіземіз. Алдағы 3-4 жылда барлығы мінсіз сапада болады, — деді ол.

AIR ASTANA

ҰШАҚТАР САНЫ 57-ГЕ ЖЕТТІ

Қазақстанның ең ірі әуе компаниясы — Air Astana акционерлік қоғамы осы жылдың үшінші тоқсанындағы және 2024 жылдың 9 айындағы қаржылық және операциялық нәтижелерін жариялады.

Компанияның хабарлауынша, биыл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда кірістер 10,4%-ға өсіп, 410,0 млн АҚШ долларға жеткен. Ал жолаушы тасымалы өткен жылмен салыстырғанда, 9,9%-ға өсіп, компания 9 ай ішінде 2,8 миллион адам тасымалдаған.

Әуе компаниясының өзге де нәтижелері туралы Air Astana тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер айтып өтті.

— Мен жалпы авиация саласына жасалып жатқан қысымға қарамастан, үшінші тоқсандағы компания қызметінің жоғары нәтижелері туралы қуана хабарлаймын. Біз компанияның тасымалдау сыйымдылығын және операциялық тиімділігін ұлғайтуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізудеміз. Біздің флотты дамыту жоспары кестеден оза орындалып, 57 ұшаққа жетті. Сонымен қатар, біз 2024 жылы флоттан екі E2 ұшағын шы-



ғардық, келесі жылы E2 ұшақтарын шығаруды жоспарлап отырмыз, — деді ол.

Сондай-ақ, Питер Фостер Air Astana тобы Жапонияның әуе компаниясымен келісім жасасқанын атап өтті.

— Тамызда біз әлемдегі үздік әуекомпаниялардың бірі Japan

Airlines (JAL) компаниясымен кодшерингтік келісімге қол қойылғанын жариялады. Біз бірге Қазақстан мен Жапония арасындағы іскер адамдар мен туристер үшін қатынасты күшейтеміз, сондай-ақ біздің елдеріміз арасындағы жолаушылар легі мен тауар айналымын кеңейте түсетін боламыз, — деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ӘУЕ БИЛЕТІН ҚАШАН САТЫП АЛҒАН АБЗАЛ?

Питер ФОСТЕР, Air Astana тобының бас атқарушы директоры: — Менің басты кеңесім — ұшаққа билетті алды ала алыңыздар. Ал Еуропаға саяхаттағыңыз келсе, онда маусым немесе қыркүйек айына билет алыңыз. Азия құрлығын аралағыңыз келсе, қысқы мезгіл — ең жақсы уақыт. Бірақ 3 уақыттан аулақ болу керек. Олар: Еуропада Рождество және жаңа жыл тойланатын уақыт, сондай-ақ Қытай жаңа жылы. Бұл адам қарасы өте көп және кез келген қызмет өте қымбат болатын уақыттар.

Досбол АТАЖАН.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Тегін тіл үйрену қосымшасы:

DUOLINGO

қалайша \$7.7 миллиардтық бизнеске айналды?

Duolingo — тілді үйренуді жеңіл әрі қызықты ететін танымал қосымша әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған қолданушыларды баурап алды. Оның көңілді үкісі мен шағын сабақтары тек ойын түрінде емес, сонымен бірге көпшіліктің қызығушылығын оятқан тиімді құрал болып шықты. Duolingo-ның қазіргі құны шамамен, \$7.7 миллиардқа жетіп, ол стартаптан ірі тіл үйрену платформасына айналды. Бұл мақалада Duolingo-ның қолжетімді, қызықты және тиімді монетизация стратегияларын үйлестіру арқылы қалай жетістікке жеткені талқыланады. Айтпақшы, Duolingo жасанды интеллект арқылы да жұмыс жасап, сіздің тілдік деңгейіңізге қарай бейімделіп жұмыс істейтін нәтижеге жеткен.

1. Duolingo-ның дүниеге келуі: білім алуды қолжетімді ету миссиясы. 2011 жылы Карнеги-Меллон университетінің профессоры, CAPTCHA-ның тең авторы Луис фон Ан және оның студенті Северин Хаккер негізін қалады. Бастапқыда-ақ олардың миссиясы ауқымды болды: тіл үйренуді экономикалық жағдайға қарамастан кез келген адамға қолжетімді ету. Тіл курстары әдетте қымбат, ал Duolingo оны тегін ұсынуды қолға алып, бұл қолданушылардың алғашқы қызығушылығын арттырудың негізгі факторына айналды.

2. Тілді ойын арқылы үйрену: қызықтыру арқылы тарту. Duolingo алғашқы күндерінен-ақ тіл үйрену процесін ойынға айналдыру әдісін қолданды. Мұнда марапаттар, қатарлар және деңгейлер пайдаланушыны ынталандырады. Бұл әдіс интерактивті тәжірибелерді ұнататын жас қолданушылардың қызығушылығын оятты және тіл үйренуді кез келген жас ерекшелігі үшін қолжетімді әрі қызықты етті. Пайдаланушылардың күнделікті сабақ алуын қамтамасыз ету арқылы Duolingo оларды өзіне тәуелді етті.

3. Freemium моделі: тегін және ақылы функциялар тепе-теңдігі. Duolingo дамыған сайын freemium моделін енгізді, мұнда негізгі функциялар тегін болғанымен, Duolingo Plus (қазіргі атауы Duolingo Super) деп аталатын ақылы жазылыммен қосымша мүмкіндіктер қолжетімді болды. Бұл модель кең аудитория үшін қолжетімділікті сақтай отырып, қосымшаның әрі қарай дамуына қаражат түсіретін, ақылы мүмкіндіктерге құштар пайдаланушылар тобын қалыптастырды.

4. Жарнамалар және ішкі сатып алулар: үлкен пайдаланушылар базасын қолдану. Duolingo-ның тегін нұсқасы сабақтар арасында жарнамаларды ұсынады. Сондай-ақ, қосымша ішкі сатып алуларды қолданып, пайдаланушыларға «гемдер» сатып алуға мүмкіндік береді. Бұл микротранзакциялар Duolingo-ның ойында қолданылатын, пайдаланушылардың қосымша шығындарын ынталандыратын ерекшелігіне сәйкес келеді.

5. Тіл үйренуден тыс кеңею: контентті әртараптандыру. Duolingo әлі де тіл үйрену қосымшасы ретінде танымал болғанымен, соңғы



жылдары өз контентін әртараптан-дырды. Компания балаларға оқу үйрету үшін Duolingo ABC және Duolingo Math сияқты жобаларды іске қосты. Бұл кеңейту Duolingo-ны басқа білім салаларында жетекші орынға көтеруге мүмкіндік берді.

6. IPO және болашақ: Duolingo-ның \$7.7 миллиардтық алыпқа айналу жолы. Duolingo-ның жетістігі — 2021 жылғы шілдеде алғашқы ашық ұсыныспен (IPO) аяқталды. Компанияның IPO кезіндегі құны шамамен, \$3.7 миллиард болды, ал қазір оның нарықтық құны \$7.7 миллиардқа жетті. Duolingo халық-

аралық кеңеюді және жаңа серіктестіктерді қарастыра отырып, өз қосымшасын жетілдіруде.

7. Duolingo жасанды интеллектті пайдаланады. Duolingo жа-

санды интеллектті (ЖИ) тіл үйрену процесін тиімдірек және қызықты ету үшін кеңінен қолданады. Олар ЖИ-дің бірнеше аспектілерін пайдаланады:

- Жеке оқыту жолын құру: Duolingo сабақтарды әрбір қолданушының оқу деңгейі мен прогресіне сәйкес бейімдейді. Бұл үшін олар Birdbrain деп аталатын ЖИ моделін қолданады, ол қолданушының білім деңгейін бағалап, сәйкесінше тапсырмаларды ұсынады.
- Контентті автоматты түрде жасау: ЖИ технологиялары арқылы Duolingo жаңа сабақтар мен жаттығуларды жылдам әрі тиімді құрастырады. Бұл контент жасау уақытын айтарлықтай қысқартады.
- Жаңа мүмкіндіктерді енгізу: Duolingo Max деп аталатын жазылымдық қызметте Explain My Answer және Roleplay сияқты ЖИ-мен жұмыс істейтін жаңа функциялар ұсынылады. Explain My Answer қолданушыларға жауаптарының дұрыстығын түсіндіреді, ал Roleplay виртуалды кейіпкерлермен тілдесу арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.
- Геймификация және мотивация: ЖИ қолдану арқылы Duolingo қолданушылардың қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтерін, марапаттарды және күнделікті мақсаттарды тиімді үйлестіреді.

Осылайша Duolingo жасанды интеллектті қолдану арқылы тіл үйренуді жеке, тиімді және қызықты етуге ұмтылады.

P.S: Duolingo бизнес-моделінің жетістік формуласы: Duolingo-ның \$7.7 миллиардтық бағалануы қолжетімділік пен инновация үйлесімінің күшін көрсетеді. Әлемнің түкпір-түкпірінде тіл үйренуді қызықты, тартымды және қолжетімді ету нәтижесінде Duolingo тегін қосымшадан табысты ірі бизнеске айналды.

Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
журналист, IT маманы.

ПРЕЗИДЕНТ

ОДАҚТАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА – ТЫҢ СЕРПІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Сергей Лавровты қабылдады.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, екіжақты ынтымақтастықтың достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, бұған жоғары деңгейдегі тұрақты саяси диалог, сондай-ақ екі ел үкіметтері мен парламенттерінің үйлесімді жұмысы айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Өңгімелесу барысында Ресей Президентінің Қазақстанға жоспарланған мемлекеттік сапарына дайындық мәселесіне айрықша мән берілді.

– Біз алдағы сапарға тыңғылықты дайындалып жатырмыз. Бұл мемлекетаралық байланыстардағы айтулы оқиға болады деп

санаймыз. Екі елдің ынтымақтастығы үлгі тұтарлықтай және қарқынды дамып келеді. Бұл сапар стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасқа тың серпін береді, – деді Президент.

Өз кезегінде Сергей Лавров Ресей мен Қазақстанның көпжақты ықпалдастығы, соның ішінде алдағы сапардың күн тәртібі үкіметтер мен сыртқы саясат ведомстволары арасында егжей-тегжейлі пысықталып жатқанын жеткізді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сергей Лавров өңірлік және халықаралық күн тәртібі, сондай-ақ көпжақты құрылымдар мен интеграциялық бірлестіктер аясындағы әріптестіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



РУХАНИЯТ

ДӘУІР БЕЙНЕЛЕРІ

Кең тынысты халық суретшісі қарапайым да ғажап адамдар өмірін бояулар тілімен сөйлетті

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Қазақ КСР Халық суретшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, өнертану кандидаты, Ұлы Отан соғысының ардагері Нағымбек Нұрмұхаммедовтың «Суретші және ғалым. Дәуір бейнелері» атты көрмесі ашылды.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Көрменің ашылу салтанатында Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов, қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Қастеев музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова және тағы басқа да зиялы қауым сөз сөйлеп, өнер өкілі туралы жылы лебіздерін білдірді. Суретшінің қаланың мәдениетіне еңбек сіңіріп жүрген қызы Мара Нағымбекқызына да құрмет көрсетілді.

Қылқалам шеберінің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық көрме суретшінің негізгі туындыларынан тұрады.

Көрнекті кескіндеме шеберінің шығармалары, мәселен, портреттері, пейзаждары, жанрлық композициялары өз заманының көркем бейнесін көрсетеді. Суретші Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер, көп саяхаттаған, қоғамдық өмірде өте белсенді болған, өнер туралы кітаптар жазған. Сондықтан оның өмірбаяны сан түрлі оқиғаға толы. Жасаған әр қадамынан елге, халқына, оның өмірі мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік сезімін байқауға болады. Картиналарының бояуының қанықтығы да сондықтан болады.

Суретшінің «М.В.Фрунзенің Самарқандтағы жасақтары алдында сөйлеген сөзі»



Суреттері түсіріп Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

(1953), «Д.А.Фурманов Верный қаласындағы халық жасақтары арасында» (1954–1958) атты алғашқы жұмыстарынан-ақ ерекше дарынын байқауға болады дейді өнер майталмандары. Ол өзін сюжеттік кескіндеменің жетілген шебері ретінде танытты және республиканың бейнелеу өнеріндегі тарихи кескіндеменің дамуына лайықты үлес қосты.

– Оның шығармалары қарапайым да ғажап адамдар туралы, олардың өз жерімен ажырамас байланысы туралы әңгіме іспетті. Әсіресе, Әскери-теңіз флотына арналған жұмыстар сериясы суретшіге ерекше қымбат

және оның өмірбаянының бір бөлігі болды. Ол теңіз офицерлерінің, даңқты теңізшілердің портреттерін үлкен сезіммен салған. Нұрмұхамедов шығармашылығының жарқын беттерінің бірі – оның шет елдерге жасаған саяхаттары. Ол қай жерде болса да, мәселен, Еуропада, Жапонияда не Бразилияда, Үндістанда немесе Америкада, барған жерінен жанды бақылаулар мен жарқын әсерлер әкеліп, кейін сол сезімдер сол елдердің, халықтың, табиғаттың келбетін бейнелейтін шығармалар тізбегіне айналды.

Суретшінің «Бразилия» цикліне кіретін «Копакабанадағы кездесу», «Актриса Мария делла Костаның портреті», «Жол төсеуші», «Сан-Паулу қаласының шеті» және т.б.; үнді сериясынан «Тибет Ламасы», «Ганди портреті»; Жапон сериясынан «Фудзияма тауы», «Хиросима», «Жапон мүсінші Хонго-Син әйелімен» туындылары кейіпкерлердің күйін жеткізуде нанымды, суретшінің өзіне тән шығармашылық тәсілімен, керемет үнсіз немесе ашық интенсивті бояумен жасалған, – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Күлжазира Мұқажанова.

Иә, портрет жанры Нұрмұхаммедов шығармашылығында маңызды орын алады. Суретшінің бүкіл шығармашылық жолында жасаған түрлі мамандық иелерінің, оның ішінде белгілі мәдениет және өнер қайраткерлерінің портреттері кейіпкерлерінің рухани және интеллектуалдық өмірінің байлығын жеткізуге ұмтылды.

Н.Нұрмұхаммедов сурет салумен ғана шектелмей, өнертану ғылымының кандидаты, қазақ халқының шығармашылығы, заманауи өнер туралы мақалалар жазды. «Қазақ КСР графикасы», «Еңбек даңқы», «Қазақстан өнері», «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі», «Ұлы Отан соғысына қатысқан Қазақстан суретшілері» атты кітаптар шығарды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ
БЕДЕЛДІСІ

Қазақ бейнелеу өнерінің майталманы, Қазақ КСР халық суретшісі, Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, өнертану кандидаты, II Дүниежүзілік соғыстың ардагері Нағымбек Нұрмұхаммедовтің туғанына 100 жыл толуына орай, өнер шебері тұрған үйінің қасбетіне мемориалдық тақта орнатылды.

Шараға өнер иесінің жақындары, достары, әріптестері жиналды. Салтанатты жиын барысында қонақтар суретшінің өнері, өмірдегі орны, ерекше шығармашылық шеберлігі мен адамгершілік қасиеті жайлы естеліктерімен бөлісті. Павлодар өңірінен арнайы келген Н.Нұрмұхаммедов атындағы Павлодар облыстық көркемсурет музейінің директоры Ақертіс Солтанбаев Нағымбек Нұрмұхаммедовтің өнердегі сүбелі үлесін жеткізіп, болашақ ұрпаққа оның мұрасын насихаттау – баршаға ортақ міндет екенін айтты.

Н.Нұрмұхаммедовтің қызы Мара Нағымбекқызы әкесінің еңбекқорлығы мен мінезқұлқы жайлы ерекше толғаныспен: «Барлығыңызға алғыс айтамын. Әкем өте жылдам кісі болатын, ойы терең еді, бірақ сезімін сыртқа шығармайтын. Еңбекқорлығы соншалық, кейде тәулік бойы тоқтамай жұмыс істейтін. Ол кісіге 24 сағат азық ететін, 48 сағат бойы еңбектенетіндей көрінетін. Өзі көп оқитын, әлем елдеріне көп саяхаттап, көрген-білгенін сурет арқылы жеткізетін. Әділ әрі адамгершілігі мол адам болатын», – деп, өмірдегі ең жақын адамы жайында толғанысын білдірді.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

МАМАН ПІКІРІ

Самал МАМЫТОВА, өнертанушы:

БІР САПАРЫНАН 70-КЕ ЖУЫҚ КАРТИНА ЖАЗҒАН

Нұрмұхаммедов қырық жылға жуық өмірін шығармашылыққа арнаған. Осы уақыт ішінде үлкен мұра қалдырып үлгерді. Үздік картиналары оны кейінгі ұрпаққа кең тақырыпты, кең тынысты суретші ретінде танытты. Суретшінің тынысы, әсіресе, 1959 жылы Теміртауға жасаған сапарының әсерінен туындаған «Қазақстан Магниткасында» атты топтамасында ашыла түскенін байқауға болады. Өзі де естеліктерінде осы сапары туралы ерекше ілтипатпен айтады. Сайын далада қуатты металлургиялық зауыт, жаңа Теміртау қаласын салып жатқан құрылысшылармен бірнеше ай бойы бірге тұрып, бірге тамақтанып, саф ауаны бірге жұтып жүріп жазған картиналарында ашық та мөлдір аспан, еңбек адамдарының жарқын келбеті молынан көрініс тапқан. Түс палитрасында мөлдірлік, нәзіктік басым. Сол сапарынан 70-ке жуық шығарма жазған. Суретшінің шығармалары елге кеңінен танылсын деп, өзіміздің музейден бөлек, Нұрлан Смағұловтың жеке коллекциясынан «Кілемшілері», Мемлекеттік Орталық музей қорынан үш туындысын, М.Әуезовтің әдебиет-мемориалдық мұражайы үшін Мұхтар Әуезов портретін, «Жауһар» галереясынан бір пейзаждық жұмысын, қаладағы Әди Шәріпов атындағы №16 мектеп-гимназиядан Шәріпов портретін алдық.

Халық суретшісі Нағымбек Нұрмұхаммедовтың туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрме Қастеев музейінің төрінде желтоқсанның 8-іне дейін тұрады. Руханият есігі әрдайым ашық, келіңіздер!



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖҰМЫСЫҢ БАР МА, ЖАС МАМАН?

Мегаполистегі еңбек нарығының жағдайына үңілгенде...



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҮЛЫ

Алып шаһарымыз Алматының жұмыс нарығы Қазақстанның экономикалық орталығы ретінде үнемі өзгеріп отырады. Алайда, жастарға жаңа мүмкіндіктер мен қолдау бағдарламаларын ұсынуды тоқтатпайды. 2024 жылы қалада жұмысқа орналасу динамикасы өзгеріп, әртүрлі салаларда сұраныс артты. Осыған орай біз Алматыдағы еңбек нарығының қазіргі жағдайын айқындау үшін сұранысқа ие салаларды және жастарға арналған негізгі бағдарламаларды зерделеген едік.

Кәсіпкерлікті дамыту маңызды

«Кәсіп ашу мүмкіндіктерін қарастыратын жастар үшін Алматыда арнайы гранттар мен несие бағдарламалары қолжетімді».

«Бизнесті дамытуға арналған гранттар» мен жеңілдетілген несие бағдарламалары жас кәсіпкерлерге өз істерін ашып, нарықта тұрақты орнын табуға мүмкіндік береді. «Бастау бизнес» бағдарламасы арқылы дәріс алған жастар бүгінде өз бизнесін жүргізуде, бұл өз кезегінде экономиканың дамуында маңызды рөл атқаруда. Осындай бағдарламалар арқасында Алматыда шағын және орта бизнес саласындағы жұмыс орындарының саны артты, ал жастар арасында кәсіпкерлікке деген қызығушылық өсуде.

Алматының еңбек нарығының дамуы Қазақстанның экономикасына оң әсер етеді. Индустрияландыру және жаңа технологиялардың дамуы қаланың экономикасын нығайтып, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әкеледі. Жастарға арналған бағдарламалар олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге және еңбек нарығына қосылуына мүмкіндік береді.

Алматының еңбек нарығының тұрақты дамуы жастарға болашақта табысты мансап жолын құруға жағдай жасайтыны сөзсіз.

ТҮЙІН:

Алматы қаласы еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды игеруге және жеке кәсіп бастауға қызығушылық танытатын жастар үшін мүмкіндіктерге толы қала. Мемлекеттік және жеке қолдау бағдарламалары еңбек нарығының тұрақты дамуына оң ықпалын тигізуде. Осылайша жастар үшін еңбек нарығындағы жаңа мүмкіндіктер есігі ашық әрі болашағы жарқын деуге толық негіз бар.

Ернұр РЫСБАЙ

Алматының еңбек нарығы еліміздегі ең ірі және икемді нарық болып саналады.

2024 жылы еңбек нарығындағы негізгі тенденция – орта деңгейлі біліктілікке ие мамандарға сұраныстың артуы байқалды. Алматыда өнеркәсіп, құрылыс, сауда, қызмет көрсету салалары тұрақты түрде дамуда. Жұмыс орындарының сапасы да маңызды аспект ретінде қарастырылып отыр. Соның ішінде тұрақты жұмыспен қамту, лайықты еңбекақы, қауіпсіз еңбек жағдайлары және кәсіби даму мүмкіндіктері еңбек нарығының басты бағыттары ретінде көрсетілуде.

Мамандар тапшы салалар

Шаһарда сұранысқа ие мамандықтар көбіне нақты экономика секторларымен байланысты.

Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, ақпараттық технологиялар, көлік және қызмет көрсету салаларына мамандар қажет. IT секторында жаңа технологияларды енгізу мен дамыту маңызды рөл атқарады десек, мұнда веб-дамыту, киберқауіпсіздік және деректерді өңдеу мамандарына сұраныс жоғары. Сонымен қатар, денсаулық сақтау, білім беру салалары да маңызды орын алады, себебі халық санының өсуімен бұл салалардағы қызметтердің қажеттілігі де артып келеді.

Жастарды қолдау маңызды

Елімізде жастарды қолдау үшін арнайы бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Олардың негізгі мақсаттары – жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіби даму мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Алматыда жастарға арналған бағдарламалардың қатарында «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Серпін-2050» және «Бастау бизнес» бағдарламалары бар.

«Жастар тәжірибесі» бағдарламасы жоғары оқу орындарын жаңадан бітірген жас мамандарға алғашқы еңбек тәжірибесін жинауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама жастардың нарықта өз орнын тауып, қажетті тәжірибе жинауына жағдай жасайды.

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы жұмыс тәжірибесі жоқ жастарға жұмысқа орналасуға мүмкіндік беріп, оларға жаңа дағдылар үйретеді.

«Серпін-2050» бағдарламасы, әсіресе, ауылдық аймақтардан шыққан жастарға арналған. Бұл бағдарлама білім беру арқылы жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуына көмектеседі. Алматыда бұл бағдарлама арқылы көптеген жас мамандар кәсіби дағдыларын жетілдіріп, қаладағы жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырды.

«Бастау Бизнес» бағдарламасы жастарға кәсіпкерлік негіздерін үйретіп, өз ісін ашуға бағытталған. Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін жастарға мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген микрокредиттер беру арқылы бұл бағдарлама оларды қаржылық қолдаумен қамтамасыз етеді. Алматыдағы бұл бағдарлама жастар арасында танымал, өйткені ол жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік береді.

Қаржылық қолдау бағдарламалары

Жастарға қаржылық қолдау көрсету мақсатында Үкімет түрлі бағдарламаларды жүзеге асыруда.

«Дипломмен – ауылға» сияқты бағдарламалар жастарды ауылдық аймақтарға жұмысқа тартуға көмектеседі, бұл аймақтардағы кадр жетіспеушілігін азайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасы арқылы жастардың жұмысқа орналасуына, кәсіби дағдыларын жетілдіруіне жағдай жасалады. Алматыда, әсіресе, қызмет көрсету саласында бұл бағдарлама арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндіктері кеңейуде.

БИЗНЕС



КӘСІП ЖӘНЕ НӘСІП Алматыда ШОБ субъектілерінің саны артуда

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Алматыда ШОБ өнімін шығару 28,4%-ға 5,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Қаңтар-қыркүйекте жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 6,2%-ға, 361,1 мың бірлікке дейін өсті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы қалалық Экономика басқармасынан хабарлады. Олардың болжамы бойынша, Алматының 2025 жылға арналған бюджеті 20%-ға, 2,1 трлн теңгеге дейін ұлғаяды.

«ШОБ-ты қолдау үшін 2024 жылы мемлекеттік бюджеттен субсидиялауға, кепілдік беруге және кредиттеуге 53,1 млрд теңге бөлінді. 2024 жылдың 9 айында 113,1 млрд теңге несие сомасына 1,7 мың жаңа ШОБ жобасына қолдау көрсетілді, өткен жылдары мақұлданған 2 мыңнан астам жобаның сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау түрінде қолдау алуды жалғастыруда», – деп хабарлады Экономика басқармасы.

Бұл Алматының ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесін 2024 жылы 60%-ға дейін, 2025 жылы 62%-ға дейін ұлғайтуға ықпал етеді. 2024 жылдың бірінші тоқсанында ШОБ үлесі 55,2%-ды құрады.

Алматы Экономика басқармасының хабарлауынша, индустриалды және арнайы экономикалық аймақтар алаңдарында жалпы сомасы 452 млрд теңгеге 87 инвестициялық жоба іске асырылуда. 2024 жылы 4,5 мың жаңа жұмыс орнын құрумен 220 млрд теңге сомасына 40 жоба іске асатын болады.





(Фотолерекс: barbar.kz)

**Болат БОПАЙҰЛЫ,
жазушы-этнограф:**

«Бесіктегі бала бес түлеп өседі». Қазақ халқы «адам өмірінде үш бесікте өмір сүреді» деп есептейді. Бұл «үш бесік те киелі бесік» саналады.



(Дереккөз: tif-aktobe.kz)

ҰЛЫ ТӘРБИЕНІҢ ДӘСТҮРЛІК МЕКТЕБІ



(Фотолерекс: www.nur.kz)

ҚАСИЕТТІ БЕСІКТЕН КИЕЛІ ҰРПАҚ ӨСЕДІ

Бірінші бесік – ана құрсағы. Екінші бесік – тал бесік, яғни өмірге келгеннен кейін баланы бөлеп өсіретін «өмір бесігі». Үшінші бесік – жер бесік, адам қайтыс болғанда оны жерлейтін «мәңгілік жер бесік». Осы үш бесік те ерекше құрметке ие, бірақ олардың ішінде ұлы бесік – тал бесік, яғни «өмір бесігі». Қазақтар оны ерекше қасиетті бесік деп қастерлейді.

Қазақ шаңырағында баланың дүниеге келуі үлкен бақыт саналады. Ұл бала туғанда, «Ұл туғанға күн туады» деп қуанса, «Қыз туғанға құт қонады» деп шаттыққа бөленеді. Ұл мен қызды болашағына балап, бақытына санап, ұрпағына бақыт іздеп, бақытты өмір сүреді. Сол үшін баланы бесікке салу тойын жасап, бүкіл ауыл болып думандатады.

БАЛАНЫ БЕСІККЕ САЛУ ДӘСТҮРІ

Бесік – бала үшін тек ұйықтау төсегі, жатын орын ғана емес, ол ұлттық салт-дәстүрді, ана тілін, ұлылықты сәби санасына сіңіретін алғашқы тәрбие ұясы. Бала тәнін түзеп, денесін шыңдап, рухын жебеп өсіретін киелі құтты құндағы болып табылады. Сондықтан бесікті табиғи материалдардан – ағаш пен киізден жасайды. Ағаш бесіктер ұзаққа шыдас береді, ал киізден жасалған бесік балалар денсаулығына зиянсыз және ауа өткізгіш келеді де баланың жайлы жатуына қолайлы болады.

ОЮ-ӨРНЕКТЕР МӘНІ

Бесікке салынған ою-өрнек оның көркін ашып, бала бесігінің сән-салтанатын көрсететін символикалық мәнге ие.



(Фотолерекс: www.oh.kz)

Бесіктегі ою-өрнектер баланы тіл мен көздің сұғынан сақтайтын қорғаныш қызметін атқарады. Сұқ көздердің назары балаға емес, бесіктің әшекейлеріне ауады да, бесіктегі сәбиге тіл мен көздің сұғы тимейді деп ырым етеді.

Бесіктегі ою арқылы баланың ұл не қыз екенін аңғаруға болады. Ал әшекейіне қарап, сол әулеттің ауқатты немесе қарапайым екенін байқауға болады. Бағы замандағы бай, бар адамдар ұл баланың бесігін күміспен күштеп, қошқар мүйіз оюмен әшекейлеп жасаса, қыз баланың бесігін алтынмен аптап, көз сүрінердей әдемі өрнектермен зерделеп жасататын болған. Адамдар сол бесік үлгілеріне қарап, ол

үйдің бай, бар адамдар екенін бірден айтқызбай танып отырған. Қазақта «бай баласы екенін бесігінен таныдым» деген сөз бар.

ҚЫЗ БЕН ҰЛ БЕСІКТЕРІНІҢ БЕЛГІСІ

Ұлды тәрбиелесең, бір отбасын тәрбиелейсің, қыз тәрбиелесең, тұтас ұлтты тәрбиелейсің. (Бабалар идеясы).

Қыз баланың бесігіне көбіне «қызғалдақ», не «гүлді» оюлар салынады, ал ұл баланың бесігіне «қошқар мүйіз» оюлары түсіріледі. Гүлді оюлар – қыз баланың нәзіктігін, ибалылығын көрсетсе, Қошқар мүйіз оюлар – ұл баланың батыр, мықтылығын бейнелейді. Бұл «ұлым ұлағатты болып өссін, қызым қырмызы болып өссін» деген жақсы тілектің, таза тектіліктің дәстүрге көшкен заттанған бейнелі (образы) көрінісі.

Ұлды бесікке салғанда, «батырым» деп салады. Оның жастығының астына қамшы, садақ, қанжар, жебе сияқты қару-жарақтар

жүн матадан тігіледі. Мұның мәні – ұлымыз ақылды, арлы, жауынгер азамат болып өссін деген тілектен туған ырым.

БЕСІККЕ БӨЛЕУ ӘДЕБІ

Баланы бесікке бөлеуден бұрын, алдымен оны аластау қажет. Арша мен адыраспан сияқты қасиетті шөптерді тұтатып, бесікті аластап тазартады. Шүмек пен түбекті жуып, кептіріп, бала жататын орынды жұмсақ әрі жайлы етіп дайындайды. Аластау – жамандықтан, көз тиюден қорғайтын қасиетті ырым саналады. Бесікті аластаған кезде бесікке үйір болып жүрген жын-жыбырлар оттан қашып, микробтар өледі. Бесікті аластаудың негізгі мәні осы.

Дайын бесікке ана баланы ерекше ұқыптылықпен, ақ тілек айтып отырып бөлейді. Оның қол-аяғын түп-түзу етіп, қолбау мен аяқбаумен мықтап күндақтайды. Бұл баланың денесі түзу әрі мықты болып өсуіне, мінезінің сабырлы болуына және тыныш ұйықтауына жағымды әсер етеді.

Баланы бесікке салғанда басқа жаман сөздер айтпайды, оғаш әрекеттер жасамайды. Іштей жақсы тілектер тілеп отырып, баланы жайлы етіп бесікке бөлейді. Баланы бесікке салып отырып, айғайласа, жаман ой ойлап, нашар сөздер айтса, баланың болашағы жақсы болмайды деп ырымдаған.

АНА ӘЛДИ – ҰЛЫ ИДЕЯЛАР БАСТАУЫ

Баланы бөлеп болған соң анасы оны емізіп отырып, әдемі күміс қоңыраулы жағымды үнмен, әлди жырын айтады:

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Балуан білекті батыр бол,
Қайсар жүректі батыл бол,
Халқыңа бас бол патшадай,
Орында, Ана тілекті!

Ана өз әлди арқылы баланың балғын құлағына бақытты сөздің нұрын құяды. Көзін енді ашып, айналасына қарап, анасын енді-енді тани бастаған шақалаққа анасы ұлттық ұлы ұғымдарға айналған мейірім, батырлық даналық сынды қасиеттерді әлди-өлеңге айналдырып, сәби зердесіне ұялата бастайды. Қазақтың «ана сүті баланың бойын өсірсе, ана тілі оның ойын өсіреді» деген сөз-саптауында үлкен тағылым мектебі тұр. Мұны ұлы тәрбиенің бастауы, нәрестеге ана сүтімен бірге дарыған Ана тілінің қасиеті, әлди жырының бесіктегі баланы бес түлеткен ұлы құдіреті, ұлы бабаларымыз ұзақ ғасырлар қалыптастырған ұлы идеялық тәрбие мектебі деп тану қажет.

Ұл баланы батырлық жырымен, қыз баланы әдеп, мейірім жырымен әлдилеп тербеп ұйықтатады. Бұдан біз – «Ұлы қазақтың» ұлы ұрпағы бесікте жатып-ақ, «ұлы қазаққа» айналғанын, киелі бесік тәрбиесінің шексіз ұлы құдіретін түсінеміз. Неге? Халық даналығында «балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деді деген тағылымды тұжырым бар.

Тәрдегі бесіктен, отбасы ошақ қасынан айтылған уағыздар құлаққа сіңіп, сәби санаға саралап құйылар ұлы идеялар. Отанды сүю, ел мен жерді қорғау деген қастерлі ұғымдарды «тал бесіктен жер бесікке дейін» жалғасатын ұлы тәрбиенің үзілмейтін дәстүрлік мектебі деп тану керек.



ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙ: ПІКІР, ТІЛЕК ҰСЫНЫС



Магрипа Жылқыбаева (1945–2019) – Есік қорғанынан шыққан Алтын адамның күміс зереншедегі 26 таңбасының шифрын кванттық физиканың көмегімен ашып, дүние жүзі тарихына қатысты орасан мол мәлімет ұсынған ғалым.

1970 жылы Қазақстандағы Есік қорғанынан табылған Алтын адам еліміздің символына айналғаны белгілі. Қазба жұмыстары кезінде Сақ қорғанынан төрт мыңнан астам алтын бұйымдармен бірге күміс тостаған шыққан. Тостағандағы 26 таңба көптеген ғалымдардың назарын аударғанымен, оның кілтін тауып оқып, ғылымға қажетті мол мәліметті шығарған ешкім болмады. Тек 1980 жылдардың соңында физика-математика ғылымының кандидаты, доцент Магрипа Жылқыбаева Алтын адамның тостағандағы жазуы жайлы баспасөз беттерінен көріп қалып, әр таңбада ғылыми формула бар деген ойға келеді. Сөйтіп, өзінің қызмет орнын тастап, Алтын адамды зерттеуге 30 жыл ғұмырын жұмсаған. Осы тақырыпта

«Алматы ақшамы» газетінде берілген танымдық материалдан кейін («Алтын адамның аманаты», «Almaty aqshamy», №42, 21.04.2022 ж.) редакцияға хабарласып, автор мен оның ғылыми-зерттеу еңбектеріне қызығушылық танытқан оқырман көп. Әйгілі 26 таңбаның құпиясын физика-математикалық әдіс-тәсілдермен зерттеген ғалымның көп томдық мұраларымен таныстыруды өтінгендер де аз емес. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов тұжырымдағандай, «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған газет үшін қашан да оқырман талабына үн қату – парыз.

Сонымен, Сақ қорғандары қандай құпия-сырларды сақтап келді? Оқырмандар өтінішіне орай «Алтын адамның» әлемдік тұлғасын танытуға өмірін арнаған ғалымның «Алтын адамның мұрасы» деп аталатын кітабынан үзінді ұсынууды жөн көрдік.



Магрипа ЖЫЛҚЫБАЕВА:

АЛТЫН АДАМ ЖӘНЕ ХАҢЛИ ГЕОМЕТРИЯСЫ

1969-1970 жылдары Есік қаласы түбінен табылған қорғанның мүлкінде күміс зеренше жазуы болды. Барлығы 26 ТАҢБА екенін баршаға жариялап та үлгердік. Бүкіл Одақтың ғалымдары жабылып, ол таңбаны оқи алмады. Әліге дейін оқылмағаны белгілі. Десек те, бұны жалған оқып жүрген ғалымдар бар көрінеді. «Оқылды» деген сөзді де ел арасына таратып жүр.

Жарайды, «оқылған-ақ» болсын делік. Сонша мың жыл сақталып келген ол таңбалардың бізге бергені не? Оқылғандағы нәтижесі, кәнеки? Көзге көрінерлік ештеңесі болмаған соң ол жазудың оқылғаны да өтірік деуге болады. Әр нәрседен белгілі бір нәтиже көрінуі қажет қой. Күміс зеренше жазуы оқылған болса, тиесілі мәтін шығар еді. Айтылған мәселе халыққа жетуі керек. Кім оны оқыды және нендей мәліметтерін алды? Бұның жауабы мүлде белгісіз болып қалған. Ендеше, жасырын оқушылардың ісі де өтірік болғаны.

Мемлекеттің аумағынан табылған археологиялық дүниелердің әрбіреуі сол мемлекеттің игілігіне қызмет етуі қажет. Осы кезге дейін неше «Алтын адам» табылды? Олардың практика түріндегі берген мәліметтері қане? Оның игілігін қайсы мекеменің қызметкерлері көріп жүр? Ешкім де ештеңені білмейді. Кез келген қорғанды қазып алушылар бар да, сол қорғандар туралы бір сөзді де естіртпестен барын жинап әкетуші топтар жүр. Ол байлықты кімге апарып өткізуде? Үкіметтік комиссия жинап алып жүрген шығар. Халыққа естілері тек «табылды» сөзі ғана. Нені таптық? Бұл кімдерден қалған дүние? Осы жағы «соқыр тұман». Баяғы Одақтың кезіндегі «мылқаулар» ойындары әлі жалғасуда.

Археология тарих үшін қызмет етеді. Қанша қорғандар қазылып келеді? Солардың тарихқа бергені не? Ешбір археологиямен байланыссыз қазақ тарихы тұр. Бар болғаны Гирей мен Жәнібек хан ұйымдастырып кеткен бес жарым ғасырлық өмір белгілі. Жерімизден қазып алынған «Алтын адам» мұраларының оған қатысы бар ма, жоқ па? Бар мәселе осыған келіп тірелуде. Күміс зереншедегі 26 таңбаны оқып алғандары да тарих үшін бір сөз айтпаған. Этнос үшін де ештеңесі естілмеген. Археологтардың қазба жұмыстары да бұл қазаққа мүлде қатыссыз «андроновтық» бірдене болып келді. Сонда тұтас институтты несіне ұстап отырмыз?

Археология институты мемлекетке не бере алды? Жайдақ дис-



сертацияларды көбейтіп, қаржыны жегеннен басқа ешбір пайдасы болмапты. Ол диссертациялар да

тек өз ішіндегі мамандарына ғана қажет. Халық одан нендей рухани азық, пайда алды? Ештеңені де. Ең болмаса өз үйінің іргесінен табылып жатқан «захоронение» аталғандар жайында бірауыз тұшымды мәлімет бар ма?

Қазылған орынның әрбіреуі тарих үшін орасан мәліметтер беретіндей еді. Ешбір маман онысын оқи алмапты. Соқыр сенімге әбден жаттығып алған бас мамандарыңыз, кез келген «захоронение» белгілі «традицияда» хаттай салады екен. Жаттап алған советтік ережесінен айнымай әлі келеді. Көне моланы қазуда қажет білім басқаша деңгейде болуы керек-тін. Баяғы дүниенің болмысын тани алардай «көздер» қажет. Тас дәуіріне қазіргі таныммен қарап бағасын беру – мүлде қате.

Ол кезеңдегілердің дүниетанымы бізден көп жоғарыда. Археологтар болса Тас дәуіріндегілерге төңкерілген танымда баға беріп келген. Тоғыз санын төңкеріп оқысаң «б» шығатыны секілді өмірдеміз. Алтын адамның алып шыққан мәселесі орасан дүниеге қатысты. Оның бәрін бүгін игере алмасак та, ертеңгі өмірге керекті бар. Бір ғана мұнай өніміне қатысты құпиясы қанша табыс әкелгелі тұр? Тас көмірдің сыры мүлде ашылмаған бойы таусылуға айналған екен. Бұны да күміс зереншедегі жазудан оқып білдік. Жер планетаның ішкі қойнауы нендей кереметтерді жасыруда дейсіз? Осының бәрі де баяғы Тас дәуірінде толық зерттеліп болыпты. Дайын мәліметінен бізді хабардар етуде, міне.

Аспан дүниелерін астрономдар зерттеп келді. Бізге олар нені айтуда, естіген халық бар ма? Жок! Кез келген ғылым халық үшін болуы керек. Көпшілікке жол нұсқайтыны да сол ғылым. Астрономдардың елге бергенін кім пайдаланып, нендей биіктерге самғауда? Мүлде басқа дүние секілді томаға-тұйық астрономия жатыр. Иә, жатыр. Есік қорғанының ішінен шыққан күміс зереншедегі 26 таңбаның шешуі алғашқы қабаты бойынша таза астрономиялық мәліметтерге тола болды. Тарих пен этнос жайы содан кейінгі қабаттарынан шықты ғой. Бізге қажеті физик ретіндегі керектісі еді.

(Жалғасы бар).



ӨНЕР ДОДАСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЕКІ ЖҰЛДЫЗ»

ән-фестивалі мәресіне жетті



«Алатау» дәстүрлі өнер театрында талантты композитор Теміржан Базарбаевтың 90 жылдық торқалы тойына орай, мүмкіндігі шектеулі зағип әншілер арасында І халықаралық «Екі жұлдыз» ән-фестивалі өтті. Ән додасы мәресіне жеткен әдемі кеште жаңа жұлдыздар өнердің көгінде жүзді.



Айнабай
МӘДИ

КӨҢІЛ КҮЙДІ КӨКІРЕК КӨЗІМЕН КӨРГЕН

Бұдан сегіз жыл бұрын республика аумағында ғана ұйымдастырылып келген фестиваль биыл халықаралық дәрежеде ұйымдастырылып, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия мемлекеттерінен келген өнерпаздарды құшақ жая қарсы алды. «Екі жұлдыз» жобасының авторлары – бірнеше республикалық және халықаралық байқаудың лауреаттары, апалы-інілі Нұрбек Ғизатов пен «Өнер бұлағы» қоғамдық қорының президенті Бәтима Сағынғалиқызы.

Халықаралық «Екі жұлдыз» ән фестивалінің директоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ғазизхан Әділханов концертті бастап берді. Сахна шымылдығын Алматы қаласы көру мүмкіндігі шектеулі жандардың демалысын ұйымдастыру бөлімінің «Атамұра» ұлт-аспаптар ансамблі «Көрұғлы» күйімен ашты.

«Екі жұлдыз» дәл бүгін
самғар көкке,
Жарығын шашып өтсін
төңірекке.

Қазақтың ән мұрасы
мәңгі жасап,
Мәңгі өлмейтін ән қалсын бар
жүректе! – деген.

Екі күндік додада жарық дүниені көзбен көрмесе де, көкірек көзімен сезінген кәсібилікке ұмтылған әншілердің жолы болды.

Бірі колледжде, бірі консерваторияда оқитын жас дарындар – Нұрдана Арғын мен Айсулу Тұрымбек байқауға ұсынған екі әнімен де оқ бойы озық шықты.

«Қаздар қайтқанда» әнін сызылта шырқаған жұп Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған Алтынбек Қоразбаевтың «Сары ала қаз» әнін орындап, шабыттың шырқау шегіне көтеріліп, Гран при жүлдесін алғаусыз жеңіп алды. Оларға «Екі жұлдыз» мүсіншесі мен 500 мың теңгенің сертификаты ұсынылды.

КӨҢІЛ ҚҰСЫН ШАРТАРАПҚА ШАЛҚЫТҚАН

Халықаралық дәрежедегі мұндай іс-шараны өткізу ағымтай жомарт демеушілерсіз қиын екені анық. Ақшалай және заттай демеушілігін аямаған қайырымды, өнерге жанашыр азаматтар да «Алғыс хатпен» марапатталды. Фестивальге ақпараттық демеуші болған БАҚ тізімінде «Almaty aqshamy» газеті де бар.

...Сазгерлік ізгілікті ізге түсіп, елеулі еңбегімен бабалар үнін ұлықтап, ұрпақтарға жеткізе білген талант иесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Теміржан Базарбаевтың мағыналы ғұмырындағы саналы өмір соқпағы өміршең өнерге осылайша сара жол салды. Әлі талай зерделі зерттеуді қажет ететін Теміржан көкеміздің көкірек-көзді ашып, көңіл құсын шартарапқа шалқытатын әндері ел-жұртын шаттық құшағына бөлей беретініне бек сенімдіміз.



●

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАЛЫ БОЛУ – БІР БАҚЫТ

Бұл жолы ауа райының қолайсыздығына байланысты, қаламызда «Әлеуметтік қызмет көрсету» үйінде «Халықтың әлеуметтік осал топтары» тізімінде тұрған азаматтарға кезек тәртібімен пәтер кілті табысталды.



Айнабай
МӘДИ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Пәтер кілті тапсырылған 175 адамның ішінде «Халықтың әлеуметтік осал топтары» санаты бойынша бөлінген кезекте тұрған 29 жетім бала (2012–2014 жылдар аралығында кезекте тұрған), 1 және 2 топтағы 30 мүгедек (2012 жылдан 2017 жылға дейін кезекте), 29 көпбалалы отбасы (2018–2019 жылдар аралығында кезекте), мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 16 отбасы (2011–2017 жылдар аралығында кезекте), 7 зейнеткер (2013–2014 жылдар аралығында кезекте), 60 толық емес отбасы (2012–2017 жылдар аралығында кезекте), жеңілдігі бойынша Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандармен теңестірілген 4 ардагер бар.

«Алты баланың анасымын. Көпбалалы отбасы ретінде 2017 жылдан кезекке тіркелгенмін. Пәтерлі болғанымызға қатты қуанып тұрмыз. Бізді елеп-ескеріп, баспаналы еткен қалалық әкімдікке, құрылысшыларға алғысымызды айтамыз», – деп қуаныштан бал-бұл жанып тұрды қала тұрғыны Айжан Қалиева.

II кезеңде ағымдағы жылдың қараша айының басында Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» ықшамауданында аталған топтағы, сондай жетім балалар арасында кезекте тұрған тағы да 920 адамға пәтер кілттерін тапсыру және пәтерге көшу жоспарлануда. 1 қарашада кезекте тұрған 201 адамға, 5 қарашада кезекте тұрған 200 адамға пәтер кілті табыс етіліп, қоныстанды. 7 қарашада Наурызбай ауданы «Шұғыла» ықшам-ауданындағы «Әлем Сити-3» тұрғын үй кешенінде орналасқан 5 үйде ХӨОТ-да кезекте тұрған 175 адамға пәтер кілті тапсырылды. Соның ішінде, 1 бөлмелі – 50 пәтер, 2 бөлмелі – 46 пәтер, 3 бөлмелі – 79 пәтер.

«Бүгін Наурызбай ауданында орналасқан «Шұғыла» ықшамауданындағы «Әлем Сити-3» тұрғын үй кешенінде орналасқан 5 үйден ХӨОТ-да кезекте тұрған азамат-тара пәтер кілті тапсырылуда. Олардың саны – 175. Пәтерлер таза, дайын күйінде берілуде. Жылу, жарық қосылған. Газ келер жылдың соңына таман (пәтер иелері түгел қоныстанған шақта) қосылады. 1, 2, 3 бөлмелі пәтерлер бар. Аумағы шамамен алғанда, бір бөлмелі пәтер – 40 шаршы метр, үш бөлмелі пәтер – 90 шаршы метрден асады. Келісім-шартпен көзделген жалдау ақысы бар. Бір бөлмелі пәтердің жалдау ақысы – 10 мың теңге, үш бөлмелі пәтердікі 20-25 мың теңге көлемінде болады. Оған қоса, коммуналдық қызмет көрсету төлемдері бар», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.

СПОРТ

СПОРТ

СПОРТ

СПОРТ

СПОРТ

СПОРТ

● СКАНДИНАВИЯЛЫҚ ЖҰРУ

АРДАГЕРЛЕР АРАМЫЗДА

Олар «Спорт адамы», «Ең көп жүретін адам» мәртебесін иеленді

Алматыда генерал-майор Аманкелді Мендалиевті еске алу мақсатында Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы өз ардагерлері арасында скандинавиялық жүруден жарыс ұйымдастырды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мегаполистің Ботаникалық бағында өткен жарысқа қатысушылар 70 жасқа дейін және 70 жастан жоғары жастағы ардагерлер болып екі топқа бөлінді. Бірінші топтағы ардагерлер 6 шақырымдық қашықтықты, ал екінші топ 3 шақырымдық қашықтықты бағындыру керек болды.

5571 әскери бөлімінің спорт және дене шынықтыру бастығы, аға лейтенант Давронбек Турсуновтың пәрмен беруімен сәреде тұрған ардагер спортшылар доданы бастап кетті. Ө дегеннен ақсақалымыз Мағамед Гамзатович топтың алдына түсіп, жарысқа жай келмегенін байқатты. Жарысқа қатысушылар 1,5 шақырым қашықтықты бағындырғанда, Мағамед ағамыз топтан 150 метрдей ұзап кетті. Сөйтіп жеңісті ешкімге бермеді. Екінші, үшінші болып Союзжол Жұманов пен Еркеш Құлбаев келсе, Аман Ақылов төртінші орынға табан тіреді.

Айта кететін жайт, полковник Союзжол Жұманов 3 және 6 шақырымдық қашықтықта да бақ сынады. Біріншісінде екінші орын алса, 6 шақырымдық қашықтықта



бірінші келді. 6 шақырымдық қашықтықта мәре сызығын екінші болып 3656 әскери бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Байбақтиев аяқтаса, 5571 әскери бөлімі ардагерлер кеңесінің төрағасы Берік Алмағанбетов алғашқы үштікке ілікті.

Жеңімпаздар арасында полковник Исмаил Абызов «Спорт адамы» номинациясында үздік деп танылса, полковник Мұрат Қарағұйшиев «Ең көп жүретін адам» номинациясын жеңіп алды. Ал полковник Мағамед Майнуров ақсақалымыз «Скандинавиялық жүрудің ақуласы» атанды.

● ХОККЕЙ

Халықаралық шайбалы хоккей федерациясының (ИИHF) қолдауымен тарихта алғаш рет Азия хоккей чемпионаты Алматыда өтіп жатыр. Турнир 6 қарашада басталды.



Досбол
АТАЖАН



АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

Алматыда өтіп жатыр

Жарыстар 6–9 қараша аралығында Halyk Arena көпфункционалды спорт кешенінде өтуде. Азия біріншілігі барысында Қазақстан, Жапония, Корея және Қытай елінің командалары өзара күш сынасады. Айтылған жарыста Қазақстан құрамасының капитаны болып Евгений Рымарев тағайындалды. Ал ассистент ретінде Саян Данияр және Артем Лихотников таңдалды.

Турнирдің алғашқы ойынында Жапония мен Қытай құрамалары кездесіп, нәтижесінде жапондықтар 4:1 есебімен жеңіске жетті. Одан кейін мұз үстінде Қазақстан мен Оңтүстік Корея кездесті. Қазақстан хоккейшілері бұл ойында 4:1 есебімен қарсыласына жол берді. Корей спортшылары арасында О Ингё, Чон Хохён, Ким Чанву, Ким Сангук көзге түссе, қазақстандықтар арасында Александр Борисевич жалғыз шайба авторы болды.

– Алғашқы кезеңде жақсы қозғалыс болды. Қарсылас қысымынан тіпті ойнай алмай қалдық деп айта алмаймын. Бәрі қалыпты болды. Біз біраз қауіпті шабуылға да шықтық. Бірақ бүгін шеберлік жетіспеді. Екінші голды өткізіп алғаннан кейін ойын өзгерді. Біз асыға бастадық, ал қарсыласымыздың өзіне деген сенімділігі пайда болды, – деді Қазақстанның хоккейден бас бапкері Олег Болякин.

Сонымен қатар, Ұлттық құрама жаттықтырушысы алматылық жанкүйерлерге алғысын білдірді.

– Қолдау керемет болды. Адамдар бізге қуана қолдау білдіріп, алға сілтеді, позитив сезілді. Стадиондағы көңіл күй тамаша болды. Бізді қолдауға келген жанкүйерлерге алғысымызды білдіреміз. Олар тіпті, біз жеңіліп жатқанда да қолдауларын тоқтатқан жоқ. Сондықтан шын көңілден алғыс айтамын, – деді бапкер.

Келесі турнир матчтарының кестесі:

8 қараша, 2024,
16.00 – Жапония – Корея.
8 қараша, 2024,
19.30 – Қазақстан – Қытай.
9 қараша, 2024,
16.00 – Қытай – Корея.
9 қараша, 2024,
19.30 – Қазақстан – Жапония.
Матч билеті 1 мыңнан 3 мың теңгеге дейінгі аралықта сатылады.
Айта кеткен жөн, алдағы турнирлер 2025 жылы 7–14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында өтетін Азия ойындарына дайындық жарыстары ретінде ұйымдастырылып отыр.



МҰРАҒАТ – 2025

Тарихтан тәбәрік:

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

тарихына қатысты құнды қолжазба

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстанның Ұлттық қолжазбалар және сирек кітаптар орталығы «Мұрағат-2025» бағдарламасы аясында Мәскеуге ғылыми зерттеу сапарын жүргізді. Он үш күнге созылған экспедиция кезінде XVII ғасырға жататын парсы тіліндегі «Тарих» қолжазбасы табылып отыр.



МАМАН ПІКІРІ

Алмат
АБСАЛЫҚОВ,
Қолжазбалар
және сирек
кітаптар
орталығы
ғылыми-
зерттеу
бөлімінің бас
сарапшысы:

Тарихшыларға жаңа
терезе ашылды

Ғылыми зерттеу сапарымыз 13 күнге созылды. Осы сапардан елге өте құнды қолжазбаларды алып келдік. Жалпы, Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты бағалы қолжазбалардың көбі Ресейде сақталған.

Бұл кітап кеңес кезінде орыс тіліне аударылған. Аудармашылар түпкі қолжазбаның қырық пайызын ғана аударғандарын, түгел тәржімә жасамағанын айтады. Кітапта Қазақ хандығы туралы, соның ішінде Хақназар хан хақында біршама мағлұмат бар. Қазақ хандығы мен Моғолстан мемлекетінің арасындағы байланыс жөнінде қысқаша деректер де ұшырасады. Мәскеуде жалғыз ғана данасы сақталған қолжазбаны көшірме жасаған себебіміздің бірі – өзіміздің көрме залға қойып, жас ұрпаққа таныстыру болса, екіншісі – тарихшыларымызға жаңа терезе ашу.

Кітап авторына келсек, чурос деген тайпа атауы бар. Қазіргі Қырғызстан, Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы, Жетісу өңірінде шора (чурос) деген түркі тайпасы өмір сүрген. Шамамен, XIV–XV ғасырда тайпа мен Моғолстан хандығы арасында соғыс болып, жетпіс пайыз чуростар қалмақтарға қоныс аударса, қалғаны қазақтарға, қырғыздарға, ұйғырларға сіңеді.

Жалпы, чурос – көшпелі тайпа. Ашық дереккөздерде Шах Махмуд Чуросты ұйғыр тарихшысы деп жазған. Бірақ ұйғырлар көшпелі халық емес. Яғни чуростың ұйғыр емес екені анық. Ал чуростарды тарихи деректерде көшпелі халық дейді. Көшпелі чуростар көбіне әскери шепте болып, қалаларын қорғаған.

XVIII ғасырдан бастап ұйғырлар мен өзге де халықтармен араласып кетеді. Мысалы, дулат руының ішінде «шора» деген тармағы бар. Бұл көшпелі чурос тайпасы болуы мүмкін. Кітап авторы, тарихшы Шах Махмуд ибн Мирза Фазыл Чуростың әкесі қолбасшы болған. Ал тарихшының өзі жас кезінде мүгедек болып қалады да, соғыстарға қатыспайды. Ілім жағына қызығып, тарихи еңбектер жазады.

Осы сапарымызда мол олжаға кенелдік. Қадырғали Жалайри 1602 жылы жазған «Жамиғат-ат тауарих» шығармасының көшірмесін, т.б. өте сирек кездесетін тарихи еңбектерді алып келдік.

Зерттеу жүргізген сарапшылар Ресей Ұлттық кітапханасынан табылған құнды тарихи қолжазбаның көшірмесін таныстырды. Деректі мол, құнды дүние – «Тарих» еңбегі белгілі тарихшы Мұхаммед Қайдар Дулаттың Моғолстан мен оған іргелес елдердің тарихы жөнінде деректер беретін «Тарих-и Рашиди» кітабының жалғасы ретінде жазылған. Қазақ хандығының тарихына қатысты маңызды деректер ұшырасады. Қолжазбада қазақтардың Шығыс Түркістандағы моғол билеушілерімен қарым-қатынасы турасында да қызықты мәліметтер бар.

Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық

орталығының бас сарапшысы Алмат Абсалықов қолжазба авторының қазаққа қатысы болуы мүмкін екенін айтып өтті.

«Тарих» еңбегінің авторы Шах Махмуд ибн Мирза Фазыл Чурос Моғолстан тарихы бойынша бірнеше еңбек жазған. Дәл осы шежіре Қазақ хандығының тарихын зерттеуде үлкен мәнге ие, әсіресе, оның 30 жылға созылған жазу үрдісі автордың терең білімі мен тәжірибесін көрсетеді. Шығыс Түркістан халықтарының тарихы ғана емес, сонымен қатар Қырғызстан, Қазақстан, Орта Азия

туралы жаңа дерек көздері бар. Қолжазба алғаш рет 1913 жылы Ташкенттегі Баки Жанбайдың жеке қолжазба қорынан табылған.

1-суретте «Тарих-и Рашидидің» толық аударма кітабы. Анықтамасымен бірге дайындалған еңбектің мұндай толық нұсқасы қазақ тілінен басқа ешбір тілге аударылған жоқ.

Қазақтың тілі мен тарихы, мәдениеті көрініс тапқан атақты «Тарих-и Рашиди» еңбегін түпнұсқадан аударған шығыстанушы ғалым Ислам Жемеймен тілдескен едік.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ислам
ЖЕМЕНЕЙ,
«Тұран-Иран»
ғылыми-
зерттеу
орталығының
директоры,
ф.ғ.д.,
профессор:

Бұл еңбек
жазылмағанда
екі ғасыр беймәлім
болып қалар еді

Мұхаммед Қайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» қолжазбасының жалғасы ретінде Шығыс Түркістанда жазылған кітап бар. Моғолстан билеушісі Саид хан елінен қуылып, Қашқарға барады. Сол жерде Саидия хандығын құрады. «Тарих-и Рашиди» шығармасының қосымшасы деген кітапта сол дәуірден бастап баяндалады.

Қазір «Тұран-Иран» орталығында, университетімізде тек «Тарих-и Рашиди» ғана емес, қазақтың тарихына, қалаларға қатысты қолжазбалардың бәрін жинақтап жатырмыз. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетімен бірігіп, қазақ тарихына

қатысты араб, парсы, түркі тілдеріндегі барлық деректі топтастыру жұмыстары жүйелі жүріп жатыр. Келесі жылы көктемге дейін толықтырып, анықтама кітабын жариялаймыз.

«Тарих-и Рашиди» шығармасы – Қазақ хандығының құрылуы туралы мәлімет беретін тарихи құны бар еңбек. Автор еңбегінің алты тарауын Қазақ хандығына арнаған. Оның ішінде, мәдениет те, саясат та, жеті хан жөнінде ақпарат та бар. Бірақ қазақтың тарихын жазу «Тарих-и Рашидиден» басталған жоқ. Одан бұрын Мұхаммед Бабыр өзінің «Бабырнама» кітабында қазақ халқы туралы жазып, Қасым ханға үлкен баға беріп кеткен. Ал одан да ерте жазылған деректерді мамандар іздеп жатыр ғой.

Қазаққа берері көп, бағалы қолжазбаларды қазақ тіліне аудару мәселесі бар. Қазақ туралы жазған деректерді алғанда біз одан екі түрлі зиян көреміз. Бірінші зияны қандай? Транскрипция қазақша болмайды. Мәселен, орыс тілін пайдаланғанда, адам аты мен жер атауы орыс транскрипциямен келеді. Бұл тіліміздің үндестігін бұзады. Екінші мәселе, кітап парсы тілінде жазылса да, кейбір жерінде түрік сөздерін пайдаланған.

Тарихты білу үшін мына үш саланы – археология, жазба деректер, фольклор (ауыз әдебиеті) ұштастырып, үйлестіру маңызды. Сонда ғана тарих шынайы болады.

«Тарих-и Рашиди-дің» әлемдік тарихқа

берері көп. Үндістан, Ауғанстан және Тибет тарихы мен табиғаты туралы мәлімет берген бірегей тарихи жазба дерек. Сондықтан Эриксон Үндістан тарихын жазғанда осы еңбек зерттеуінің негізгі қайнар көзі болды. Ақбар шахтың бұйрығы бойынша исламның мың жылдық тарихы жазылғанда бұл кітап негізгі әдебиеттің бірі саналды. Осындай тағы басқа мысалдар кітаптың әлемдік тарихқа қосқан үлесін айғақтайды. Сондай-ақ, тарихшылар Шыңғыс ханның ұрпағының соңғы екі ғасырлық тарихын осы кітаптан біле алады.

«Қазақ хандығы 1465 жылы құрылды» деп жазылған әрі қазақтың жеті ханын атап көрсеткен жалғыз тарихнама. Көшпелілер мәдениетін шынайы сипаттап берген тамаша туынды деп баға берген жөн.

«Тарих-и Рашиди» жазылмағанда, сол кезең беймәлім болып қалар еді. Себебі, оны тарихта басқа ешкім жазған жоқ. Ал қазаққа берері Қазақ хандығының құрылғанын жазғаны үшін құнды. Түркі тілін білгені үшін құнды. Сосын Мырза Қайдардың өзінің қыпшақ акценті бар. Түркілерді жалпы алғанда, карлұқ, қыпшақ, оғыз тобы десек, мына Мырза Қайдар – қыпшақ. Кітапта 100-ден аса қазақ сөзі бар.

Әрбір сөздің құндылығын ғалымдардың көзімен зерттесек, берісі тарихи, фольклорлық, тіл білімі туралы, әрі тереңдесек, исламдық дүниетанымды қалыптастырудағы қызметі зор болмақ.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Алматы жылу желілері: ЖЫЛУ ИНСПЕКЦИЯСЫ заманауи талаптарға сай бейнетіркеуіштермен қамтылды

«Алматы жылу желілері» ЖШС жылу инспекциясының тиімділігін арттыру үшін бейнетіркеуіштер енгізбек. Мекеме мамандарының хабарлауынша, Алматы жылу желілері тұтынушылармен өзара іс-қимыл кезінде жылу инспекциясының жұмысын жақсарту үшін нысандарды тексеру кезінде бейнетіркеуіштерді қолдана бастады. Бұл бастама инженерлер жұмысының дәлдігі мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ деректерді жинауды оңтайландыруға бағытталған.

Бейне жетондарды енгізу – бұл күнделікті жұмыс барысында үдерістерді цифрландыру мен ашықтықты арттыруға жасалған қадам.

«Кәсіпорнымызда инженерлердің жұмыс тиімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында бейнетіркеуіштер енгізілді. Бұл құрылғылар нысандарды тексеру кезінде жұмыс барысындағы маңызды сәттерді тіркеп, орындалған тапсырмаларды бақылауға, сондай-ақ кәсіпорын стандарттарының сақталуын қадағалауға мүмкіндік береді», – деп түсіндірді жылу инспекциясының жетекші маманы.

Бейнетіркеуіштер инженерлерге ақпаратты нақты уақыт режимінде жедел беруге, деректер архивін құруға және сапаны бақылауға көмектеседі. Бұл құрылғылар ықтимал мәселелерді анықтау мен штаттан тыс жағдайлардың алдын алуға арналған маңызды құрал болмақ.

«Бұл шешім өзінің тиімділігін дәлелдеді: бейнетіркеуіштер қызмет көрсету сапасын арттырып, кателіктер ықтималдығын төмендетеді және даулы мәселе-



лерді шешуге көмектеседі. Бейнежазба жағдайды объективті түрде қарауға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алады», – деді жылу инспекциясының басшысы Маржан Балбаева.

Кәсіпорын өндірістік процестерді оңтайландыру, қауіпсіздікті арттыру және қызметкерлер мен тұтынушылар арасындағы байланысты жақсарту үшін заманауи технологияларды қолдануға тырысады. Бейнетіркеуіштерді енгізу – бұл жоғары сапа стандартына бағытталған тиімді әрі ашық өндіріс құруға жасалған тағы бір қадам.

АлЖЖ атап өткендей, цифрлық технология жылу инспекциясы қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырып, жемқорлық тәуекелдерін азайтады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖҮЙЕЛЕР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Биыл қалада 219 шақырым жаңа сумен жабдықтау және су бұру желілері салынды

Алматы қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасы мамандарының хабарлауынша, қазіргі уақытта мегаполисте инженерлік инфрақұрылымды жаңарту қарқынды жүріп жатыр.

Мәселен, биыл 9 айда 219 шақырым жаңа су құбыры және су бұру жүйелері салынды. 27,3 шақырым қолданыстағы желілер жаңғыртылды. 2025 жылы тағы 260 шақырым құрылыс және 87 шақырым желіні жаңғырту жоспарланып отыр.

Электрмен жабдықтау саласында қаңтардан қыркүйекке дейін 66 шақырым желі қайта құрылды. 2025 жылы тағы 123 шақырым желіні жаңғырту жоспарла-

нуда. Сондай-ақ, Алматы қаласының электр желілерін 2030 жылға дейін, ал болашақта 2040 жылға дейін дамыту схемасы әзірленді.

Алматыда сапалы жылумен жабдықтау үшін 20 шақырым желі қайта құрылды. «АТКЭ» ЖШС 4 қазандықты жаңартып, 81 қазандықты жөндеуден өткізді. Бұл желілердің тозуын 57,9%-дан 56,1%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

2024 жылы жылыту маусымы 7 қазанда басталды, дайындық 100%. Қазіргі жылыту маусымына 140% көмір және 100% мазут қоры жиналды. Барлығы 404 білім беру нысаны, 128 денсаулық сақтау нысаны және 8 863 тұрғын үй қамтылды.

Осылайша қабылданып жатқан шаралар 2025 жылы сумен жабдықтау желілерінің тозуын 53,5%-ға, су бұруды 55,2%-ға, электрмен жабдықтауды 64%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

Алматыда ұзындығы 6000 метрге жуық жылу магистралі толықтай жаңартылды

Жетісу ауданының «Айнабұлақ» шағынауданында «Алматы жылу желілері» ЖШС тапсырысы бойынша екі жыл бұрын басталған жылу желілерін жаңғырту жұмыстары аяқталды. Жалпы ұзындығы 5865 метр болатын жылу желілері жаңартылды.

2022 жылы 1730 м. 2023 жылы – 2000 м. ал 2024 жылы – 2135 м. желілер қайта құрылды. Биыл «Айнабұлақ» ТМ-18 жылу магистралі бойынша Мақатаев көшесінде (Жұмабаев көшесінен Павлодарская көшесіне дейінгі аралық) жаңғырту жұмыстары аяқталды. Негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары 2024-

ТҰРАҚТЫ ӘРІ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ

Алматы – Қазақстанның ірі қаржы және сауда орталығы ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіп, құрылыс, көлік және логистика, ШОБ секілді бірқатар саланы қамтитын нақты секторы бар алып қала.

Алматының нақты секторы қала экономикасында тұрақтылық пен өсімді қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Өйткені, ол жұмыс орындарын құрып, халықтың тұтыну тауарларына деген сұранысын қанағаттандырады. Бүгінде қалада құрылыс, өнеркәсіп және логистика салаларында еңбек нарығы тұрақты әрі қарқынды даму үстінде. Соған орай, нақты сектордағы кәсіпорындар тұрғындарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, қаладағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге үлес қосып келеді.

Мәселен, өнеркәсіп саласы ішкі нарыққа қызмет етумен қатар, өнімдерін экспорттай алады. Өсіресе, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімдері шетелге шығарылып, мегаполистің экономикалық әлеуетін арттыруда септігі зор. Бұл бағытта шағын және орта кәсіп маңызды рөлге ие.

Құрылыс саласы да Алматы экономикасының маңызды бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары аталмыш сала тұрақты дамып келеді. 2024 жылдың алғашқы айларында мегаполисте құрылыс көлемі өткен жылмен салыстырғанда, 12,2%-ға артқан.

Қазір Алматының қай бөлігіне барсаңыз да, жаңа тұрғын үй кешендері мен коммерциялық нысандардың көптеп салынып жатқанын байқауға болады. Бұлардың қатарында мектептер, денсаулық сақтау мекемелері, сауда орталықтары бар. Мұндай құрылыстар халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда, яғни қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз етуде және қажетті инфрақұрылымның жақсаруына мүмкіндік беруде. Алматының жол-

дары мен транспорттық инфрақұрылымның дамуы да құрылыс саласының бір бөлігі деуге болады. Қала билігі бүгінде қозғалысты жеңілдетуге бағытталған көптеген ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

Ауыл шаруашылығы Алматы экономикасында маңызды рөл атқармаса да, қаланың агломерациясындағы аудандарға аграрлық сектор ықпал етуде. Алматының маңындағы аудандар қалаға көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдерін жеткізіп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Соның бір көрінісі ретінде аптаның әр сенбі-жексенбі күндерінде қалалықтар үшін ауылшаруашылық өнімдерінің жәрменкесін ұйымдастыру қолға алынған. Онда алматылықтар нарықтағы бағадан төмен бағамен өздеріне қажетті азық-түлік өнімдерін алып жүр.

Энергетика секторы мегаполисті энергиямен қамтамасыз етуде және тұрақты дамуға қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Бүгінде қалада энергия көздерінің жана түрлерін енгізу және энергия тиімділігін арттыру жұмыстары қолға алынған.

Ал көлік-логистика секторы Алматының Қазақстанның басты логистикалық орталықтарының бірі ретінде дамуына ықпал етеді. Қала арқылы бірнеше ірі халықаралық көлік дәліздері өтеді, бұл Қазақстанның басқа аймақтарына және шетелге тауар тасымалдауға мүмкіндік береді.

Біз бүгін нақты секторға жалпы сипаттама жасадық. Алдағы уақытта әр салаға жеке тоқталып, тарқатып айтатын боламыз.

ҚАУІПСІЗДІК

50 МЫҢ КАМЕРА

жыл соңына дейін қосылады

Алматыда 2024 жылдың соңына дейін 2022 жылы іске қосылған бірыңғай видеомониторинг жүйесінің (БВМЖ) 50 мың видеокамерасы қосылатын болады. Бұл туралы мегаполистің цифрландыру басқармасы хабарлады.

Жыл басынан бері қазіргі уақытқа дейін қала әкімдігінің жобалық офисінің қолдауымен шығарылған 15 мың камераны ескере отырып, 45 мың камера қосылды, ал 2025 жылға қарай бұл сан 70 мыңға дейін артады. Видеожазбалар 209 жеке және 613 мемлекеттік нысандардан алынды.

Сонымен қатар, Алматыда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін



«Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешенінің (АБК) 300 камерасы орнатылған. Осылайша бүгінде 1641 АБК жұмыс істейді.

Сондай-ақ, осы жылдың соңына дейін 71 денсаулық сақтау объектісінің аумағында «Қауіпсіздіктің кешенді жүйесі» жобасын іске асыру аяқталады.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ҚАРАТЕРІ

Биыл белгілі журналист, публицист, қоғам қайраткері Жұмабек Омарұлы Кенжалин көзі тірі болғанда, 70 жасқа толар еді. Сұм ажал нағыз кемеліне келген шағында қазақ журналистикасының қарағайы атанған қаламгерді ортамыздан алып кетті. Жүрегі жұмсақ, қаламы жүрдек Жұмабек Омарұлы адамгершілігі мол, ортасына сыйлы жан еді. Әсіресе, қазақтың қалам ұстаған қыздарына ерекше құрметпен қарайтын. Ол кісі үнемі «Онсыз да қыздар отбасының, ағайын-туыстың мәселесімен шапқылап жүреді. Оған қоса, қоғамның таусылмайтын мәселесін артып қойдық» деп жаны ашып отыратын. Қазақ журналистикасына өлшеусіз үлес қосып, талай шәкіртті қанаттандырған қаламгердің соңында өзі салып кеткен сара жолы, үлкен мектебі қалды.



(Дереккөз: massaget.kz)

Жұмабек Кенжалин 1954 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданындағы Жданов атындағы колхозда өмірге келген. 1971 жылы Торғай облысы, Арқалық ауданындағы Қайыңды орта мектебін бітірген соң әскер қатарында қызмет етті, шаруашылықтарда жұмыс істеді. Қазақ Мемлекеттік университетін тәмамдаған соң, «Социалистік Қазақстан», қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, «Білім және еңбек» («Зерде») журналында жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы болды. Сосын «Халық кеңесі» газеті бас редакторының орынбасары, бірінші орынбасары, сосын осы басылымның бас редакторы қызметін атқарды. «Ақиқат» журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы қызметін атқарды. 1999–2006 жылдары «Қазақ

газеттері» жабық акционерлік қоғамының президенті, «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры, «Ана тілі» газеті мен «Ақиқат» журналының Бас редакторы, «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы сияқты аса жауапты қызметтерді атқарды.

Қаламгердің шығармалары республикалық мерзімді басылым беттерінде жиі жарияланып, «Желкілдеп өскен құрақтай», «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» деп аталатын деректі әңгімелер мен эсселер жинағын шығарды. Қаламгердің көзін көргендер студент шағында үздіктер қатарынан көрініп, Лениндік стипендиат атанды. Тіпті, 3-курсқа жүріп Алматы қалалық кеңесіне де-

путат болып сайланды. Дүниежүзілік және Бүкілодақтық жастар мен студенттердің форумдарына қатысты дейді.

Иә, Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мүшесі, XVII шақырылған халық депутаттары Алматы қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды. Саяси ғылымдарының кандидаты (2004) ғылыми дәрежесін алған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

Қазақстан Журналистер академиясының толық мүшесі – академигі атанды. Ақжарқын мінезімен, жігіттік мәрттігімен, сөзге беріктігімен қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, барлық шаруаны тындырымды атқара білетіні абзал азаматтың бір басындағы бірнеше қасиетінің санаулысы ғана. Бала шағынан, сонау 13 жасынан бастап қолына қалам алған азаматты 1980 жылдары Ақселеу Сейдімбек «Білім және еңбек» («Зерде») журналына шақырды. Осы жерде жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы болып істеді. Тек техника жаңалықтарының насихаттап келген басылым бетінде ұлт мәселесі, ел тарихы, батырлар мен ел қамын ойлаған билер туралы осы кезден жазыла бастады.

«Қаламгер Кенжалин Қанжығалы Бөгенбай батыр, Төлек Жәуке батыр туралы эсселер, сындарлы мақалалар мен очерктер жазып, көзге түседі. Ол өзінің биік парасатты, терең білімді, іскер азамат екенін ұйымдастырушылық жұмыста да көрсетті. Газетте қолынан қаламы түспей, тынбай ізденіп еңбектенді. Бұл басылым оны қоғамда өзгерістер жүре бастағанда үлкен арнаға салды. Демократиялық дүмпулер басталып, балама пікірлер пайда болды. Бірақ ол кеңес дәуірі кезіндегі журналистикаға адал қызмет етті. Өйткені, бұл кезең де оны жауапкершілікке үйретті», – деп жазады С.Ақтаев.

Жастайынан журналистиканың қазанында қайнаған қаламгердің қаламы өмірінің соңына дейін түскен жоқ.

Рая ЕСКЕНДІР.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

ҚҰЗЫРЕТ ОРТАЛЫҒЫ

студенттердің білім мен тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді

«Алматы көпсалалы колледжінде» құзырет орталығы мен бизнес-инкубатордың ашылу салтанаты өтті. Сонымен қатар, Лион қаласында (Франция) өткен WorldSkills халықаралық чемпионатының жүлдегерлерін марапаттау және «WorldSkills Almaty» құрамасын «WorldSkills Kazakhstan-2024» республикалық чемпионатына шығарып салу кешенді іс-шарасы өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ернұр
РЫСБАЙ

Ашылу салтанатына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Білім басқармасының басшылығы, мемлекеттік колледж директорлары, РПП НПП «Атамекен» өкілдері және колледждің әлеуметтік серіктестері қатысты.

«Бүгін Алматы көпсалалы колледжінің базасында қала әкімдігінің қолдауымен құзырет орталығы ашылды. Бұл орталық болашақта студенттердің білімдерін және тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, үлкен деңгейдегі WorldSkills чемпионатына дайындық өтеді. Сонымен қатар, өнеркәсіп мекемелеріндегі жұмыс берушілермен келісіп, ол жердің жұмысшылары

осы құзырет орталығынан тағылымдамадан өте алады», – деді Алматы көпсалалы колледжінің директоры Асылхан Бейсетбаев.

Алматы қаласын дамыту бағдарламасының 2025 жылға дейінгі жол картасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді келешегін жүзеге асыру аясында Алматы көпсалалы колледжінде мамандарды даярлаудың 4 бағыты бойынша 9-шы құзыреттер орталығы ашылды. Ол бағыттарда: автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану, тоңазытқыш-компрессорлық машиналар мен қондырғыларды монтаждау және пайдалану, жиһаз өндірісі, дизайн саласындағы IT мамандықтары қамтылды.

Қазақстандық білім беру жүйесінде техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту мен дамыту ерекше орын алады, ол кадрларды және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жаңа форматтағы колледж түлектерін даярлауда жаңа тәсілдерді қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауында негізгі салаларда мамандардың жетіспеушілігі және экономикадағы маман-

дарды даярлаудың маңыздылығы туралы атап өтті. Мемлекет басшысы сондай-ақ, жоғары білімді интернационалдандыруға және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін кәсіптік білім беруді реформалауға ерекше назар аударды. Президент 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялап, елдің кадрлық әлеуетін арттыру қажеттілігін атап өтті.

2020 жылы колледж «Жас маман» республикалық жобасына қатысушы болып, жоба аясында «Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар мен қондырғыларды монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша материалдық-техникалық базаны 323 млн теңге көлемінде толықтырды және жаңартты.

Орталықтың ашылу барысында мамандарды даярлау бағыттары бойынша білім беру кәсіби қызметі мен колледж студенттерінің жетістіктері, сондай-ақ Қытай, Түркия және Германиядағы халықаралық тағылымдаманың негізгі нәтижелері көрсетілді.

Бүгінде колледждерде ашылған 8 құзыреттер орталығында студенттер үшін оқу-өндірістік сабақтар мен әртүрлі кәсіби шеберлік конкурстары өткізіліп, мүдделі

тараптар, соның ішінде кластерлік тәсіл үшін «Диалог алаңы» құрылды. WorldSkills Kazakhstan және WorldSkills Almaty чемпионаттары үшін қатысушылар мен сарапшыларды дайындау мен оқыту жұмыстары жүргізілуде. Педагогтар мен өндіріс мамандары үшін шеберлік сыныптары, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылып, өткізіледі. Колледждер түлектерінің демонстрациялық емтихандары өткізіліп, жобаларды жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде.

Құзыреттер орталығының ашылуында «АМС» бизнес-инкубаторының келесі 5 жылға арналған Стратегиялық жоспары таныстырылды. Бизнес-инкубатор – бұл студенттер клубының болашақ кәсіпкерлері өз жобаларымен жұмыс істеп, тәжірибе алмасып, кәсіпкерлердің тәлімгерлігін алып, өздерінің бизнес-идеяларын капитализациялау үшін инвестиция тартатын шығармашылық алаңы. Клуб мүшелері Enactus Kazakhstan республикалық конкурсының қатысушылары болып табылады және колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша жоба әзірлеуде.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 10–15 қыркүйек аралығында Францияның Лион қаласында 47-ші WorldSkills International кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. WorldSkills International – бұл 25 жасқа дейінгі жас мамандардың кәсіби дағдыларын анықтауға және дамытуға бағытталған ең ірі халықаралық жарыс.

Қазақстанның Ұлттық құрамасы тұңғыш рет 7 мақтау медалін жеңіп алды. Жарысқа еліміздің атынан 32 қатысушы және 30 халықаралық сарапшы қатысты. Алматы қаласының атынан 4 қатысушы және «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреті бойынша халықаралық сарапшы ретінде Бауыржан Мұхамбетжанов қатысты.

Чемпионат қорытындысы бойынша Алматы қаласының екі студенті Михаил Попов пен Жанел Сағындық «Мақтау медаліне» ие болды, бұл олардың кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін дәлелдейді. Жарысқа 69 елден 1500-ге жуық студент қатысты, біздің ел 29-орын алды.

Жас мамандарды қолдау және Алматы қаласының колледж студенттерінің халықаралық деңгейдегі жетістіктерін ескере отырып, Алматы көпсалалы колледжінде екі жүлдегерге Алматы қаласы Әкімдігі атынан Алғыс хаттар мен 500 000 теңгелік сертификаттар табысталды.

2024 жылдың 13–18 қараша аралығында Астана қаласындағы «ЕХРО» халықаралық көрме орталығында IX республикалық WorldSkills чемпионаты өтеді. Алматы қаласынан 32 студент пен 30 сарапшы қатысады. Алматы қаласының құрамасы үш жыл бойы WorldSkills Kazakhstan чемпионаттарының жалпы медальдар есебінде екінші орынды тұрақты түрде иеленіп келеді.

РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ – 100

«ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ»

Қазақтың батыр ұлы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Халқымыздың мақтанышына айналған батырдың есімі елінің есінде қайта жаңғырып, қазір жер-жерде түрлі іс-шаралар өткізіліп жатыр. Рақымжан Қошқарбаев Ұлы Отан соғысына қатысушы, офицер, публицист, Халық қаһарманы. Ол 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысы, Тайтөбе ауылының маңындағы қыстақта дүниеге келген. Дегенмен, ананың мейірімі мен жылы алақанын, әкенің қамқорлығын сезіну бақыты бұйырмаған екен. Бала Рақымжан 4 жасқа толғанда анасы дүниеден өтіп, ал әкесі жалған саяси жаламен сотталып, ГУЛАГ лагерлеріне жіберіледі.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осылайша әкеден де, шешеден де айырылған Рақымжан Тайтөбедегі балалар үйінде тәрбиеленеді. Ер жетіп, ес біле бастаған шағында 7 жылдық мектепті бітіріп, Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесіне жіберілді. Кейін өзінің ащы балалалық шағы мен өскен ортасы туралы Қошқарбаев «Штурм» атты кітабында жазды. Ол 1942 жылы 18 жасында әскер қатарына шақырылады. Ол кезде Көкшетау полкіндегі әскери қызметтің жағдайы аса ауыр болды. Әрі бұл қала мұндай ірі әскери бөлімді орналастыруға дайын емес еді. Сондықтан қазармаға, асханаға, сабақ өткізуге, штабқа және басқа да әскери ұйымдар мен әскери қызметкерлерге арналған үйлер болмады. Келесі жазда, яғни 1943 жылы полктен офицерлік училищесіде оқытуға сержанттардың бір тобы іріктеліп алынды. Осылайша Рақымжан осы топпен бірге Ресейдің Тамбов қаласынан қоныс аударды.

Арада біраз уақыт өткенде Фрунзе қаласына орналасқан офицерлік училищеге келеді. Тумасынан қағілез Рақымжан училищенің барлық жұмысына, қоғамдық өміріне белсене араласады. Оны партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдайды. Рақымжан 1944 жылдың қазан айында учи-



(Дереккөз: aif.ru)

лищені тәмамдап, оған кіші лейтенант шені берілді. Осылайша Р.Қошқарбаев бірінші Беларусь майданының 3-ші пәрменді армиясына 1944 жылғы қараша айының ортасында жетіп, І Беларусь майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарады. Сосын Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатысты.

Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупациялық әскер бөлімде қызмет атқарды. Ал 1947–1967 жылдары ол Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор, 1967 жылдан «Алматы» қонақүйінің директоры сияқты қызметтерді атқарады.

Рақымжанның майдандағы соғыстарға қатысуы мерзімді баспасөзде кеңінен жазылып, көркем туындыға арқау болды. Қазақ әдебиетінде де жан-жақты жазылды. Берлиннің өзінде болған соғыстарда ол өзінің взводымен ең алдыңғы шептер-

де болды. Шпрееге – соңғы сулы бөгетке және Король алаңына – «Гитлердің үйіне» бірінші болып жетті. Одер өзенінен өтудегі қанды шайқастан кейін оның ерлігін жоғары бағалап, партия мүшелігіне қабылдайды. Әрине, партия билеті аса маңызды бекіністі және саяси маңызды мақсатқа жетудің мадақтау белгісі ретінде «Гитлердің үйінде» табыс етілді.

Осы жолы тарихи оқиға орын алып, оған «Гитлердің үйінде» Рейхстагқа Қызыл Туды тігу туралы жауынгерлік бұйрық берілді. Тарихи жалауды оған батальон командирі Давыдов пен саяси жетекші Васильченко табыс етті. Бұл тапсырма оңай болмады. Өйткені, «Гитлер үйі» мен Рейхстагқа дейін арақашықтық 360 метр, әрі ол жан-жағынан оқ жауған ашық алаңда орналасқан еді. Межелі жерге лейтенант Қошқарбаев өзінің солдаттарымен толассыз атылған оқтың астымен, жермен бауырлап жетеді. Олар бұл жермен 7 сағат бойы еңбектеп өтті. Межелі орынға Рақымжан Григорий Булатов деген солдатпен бірге жетіп, бұйрықты орындайды. Осылайша Рақымжанның тарихта Рейхстагтың фронтанына ту тіккен сәті мәңгілікке қалды.

Бұл тарихи оқиға 1945 жылдың 30 сәуірі күні, 18 сағат 30 минутта болған еді. Осылайша тарихи оқиға бүкіл әскери бөлімдерді шарлап, асқан ерлігі үшін Р.Қошқарбаевқа жауынгерлік «Қызыл Ту» ордені берілді. Сонымен қатар, Рақымжан Қошқарбаев «І дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медалдарымен де марапатталды. Ержүрек батырдың ерлігін ескермегендер де болды. Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі көп жылдар бойы еленбей келді. Қазақ батырының ерлігін Мәскеу бағалағысы келмей, Герман төріне жеңіс туын өзге ұлт батыры қадады дегенді айтқылары келмеді. Уақыт өте тарих қайта жаңғырды. Ресейдің Әскери тарих институты І-ші Беларусь майданындағы 150-ші атқыштар дивизиясының лейтенанты Рақымжан Қошқарбаевтың және Григорий Булатовтың 1945 жылдың 30 сәуірінде Рейхстагқа ту тіккені туралы тарихи оқиғаны 2007 жылдың 7 мамырында ресми түрде растады.

Елінің есінде есімі қалған Рақымжан Қошқарбаев 1988 жылы дүниеден өтті. Ал «Халық қаһарманы» атағы 2001 жылы берілді. Батырдың өзі көрмесе де, жұлдыз тапсыру сәтіне Р.Қошқарбаевтың жары Рахила мен қызы Әлия, майдандас досы Ж.Жанасов қатысты. Осылайша қазақтың батыр ұлының еңбегі, ерлігі ақталды. Халқының батыр ұлы Р.Қошқарбаевты Мәскеу бағаламаса да, туған елі төбесіне көтерді.

«Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» демекші, Рақымжан Қошқарбаевтың осынау ерлігін алғаш болып әлемге әйгілеген мемлекет қайраткері, жазушы Кәкімжан Қазыбаев еді. Мемлекет қайраткері Бауыржан Момышұлының тапсырмасы бойынша Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі лайықты бағасын алуы үшін көп еңбектеніп, көп ізденсе керек. Талай күн мен түнді ұйқысыз өткізген Кәкімжан Қазыбаев қазақ жауынгерінің дәл сол сәттегі әрекетін дәлелдейтін жүзден астам құжатты тауып, көтеріп, тіпті олардың шетелдік басылымдарда да жариялануына да көп еңбек сіңірді.

ЕҢБЕК АДАМЫ

АНА ТІЛІМІЗДІҢ АРДАҚТЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызмет жөнінде: «Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» деп атап өткен болатын.

Досбол
АТАЖАН

Бұл – екінің бірі атқара алмайтын, мемлекетке деген сүйіспеншілік пен іске адалдықты талап ететін қызметтің нақты анықтамасы. Осындай қиындығы мен жауапкершілігі мол жұмысты адал атқарып, жарты ғасырға жуық қазақ елінің өркендеуі үшін жұмыс істеп келе жатқан алматылық мамандардың бірі – Нұрмұха Шаймерденов. Алматы қаласы әкімінің аппаратында бас маман болып жұмыс істейтін ол елеулі еңбегі үшін қалалық Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Жастар үні» Республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған «Еңбек адамы» жобасының тізіміне енді.

Нұрмұха Шаймерденовтің 50 жылдық еңбек өтілі бар. Оның 25 жылы білім саласында болса, 25 жылы – мемлекеттік қызметте. «Әр жұмыстың өзіне тән қиындығы да, қызығы да мол», – дейді ол. Маман Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Ақтам ауылында дүниеге келген. Айтуынша, ата-анасы қарапайым еңбек адамдары болған.

– Әкем Ырысбай Шаймерденов пен анам Нұрихан Шаймерденова қарапайым еңбек адамдары болды. Екеуі де шаруашылықпен айналысса да, көзі ашық, көкіректері ояу еді. Әкем барлық фольклорды, этнографияны, шежірені өте жақсы бі-



летін. Анам Нұрихан өте көрікті жан болды. Ауылдағылар ақ келін деп атайтын. Біздің кезімізде театр болмады, дегенмен дала театры болатын еді. Той-томалақта ақындар айтысы өтіп, халық әндері мен жыр-дастандары шырқалатын. Біз сондай дүниемен сусындан өскенбіз. Содан болса керек, әулетіміздің барлық мүшесі өнерге, оның ішінде әдебиетке жақын болып өстік, – деді ол.

Алматылық еңбек адамы көпбалалы отбасында дүниеге келген. Бір ана, бір әкеден 10 бала тараған. Бауырларының ішінде оған үлкен ағасының ықпалы зор болыпты.

– Бауырларымыздың ең үлкені – Зікірия Шаймерденов 25 жасында мектептің директоры болды. Кейін екі ауылдың әкімі болды. Ал қалғанымыз сол кісінің артынан ілесіп, өмірге қанат қақтық. Мен бала кезімнен өнер адамы болуды армандадым. Актер болғым келгені рас. Бірақ үлкен ағам мұғалім болғандықтан, мен де сол кісінің жолын құдым, – деп атап өтті ол.

Мектептен түлеп ұшқан Нұрмұха Ырысбайұлы университетке бірден іліге алмай, колхоздың шаруашылық жұмысында алғашқы еңбек жолын бастайды. Жай қарапайым шаруа болып, құрылыс, шөп шабу, егін жинау

секілді жұмыстарды істейді. Дегенмен, өз мақсатынан таймай Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түсіп, оны үздік тәмамдайды. Ал 1982 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, әскерден келгенін ұстаздық жолға бет бұрды. Қызығы, мектептегі жұмысын көркем өнер үйірмесінің жетекшісі болып бастаса, кейін мұғалім болып, сосын сол мектептің директоры, одан кейін аудандық білім бөлімінің басшысына дейінгі қызметтерде жұмыс істеді.

– Белоруссияның Брест қаласында Отан алдындағы борышымды өтеп келгеннен кейін аудандық мәдениет бөлімінде автокөлік меңгерушісі болып жұмысқа тұрдым. Бірақ ол жерде ұзақ тұрақтамай, кейін мектепке ауыстым. 2000 жылы сол мектептің директоры болдым, ал 2002 жылы аудандық білім бөлімінің басшылығында қызмет атқардым. 2008 жылдың ақпан айынан Талдықорған қаласында (бұрынғы Алматы облысының) қазіргі Жетісу облысының әкімдігіне қарасты білім бөлімінің басқармасында жұмыс істедім, – деп еске алды маман.

Жапырлы еңбек пен мол ізденістерінің арқасында көзге түскен ол Алматы қаласында жаңадан құрыл-

ған Алатау ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне арнайы шақырту алады. Нұрмұха Ырысбайұлы бұл ұсынысты қабыл алып, айтылған бөлімді бес жылдай басқарады, ал 2013 жылы Алматы қаласы әкімдігіне қарасты Білім басқармасына жұмысқа ауысады. Сол уақыттан бері күні бүгінге дейін ол Алматы әкімінің аппараты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінде бас маман болып келеді.

– Мамандық деген – адамның тағдыры. Мен өз еңбек жолыма, тағдырыма ризамын. Мемлекеттік қызметте жүргеніме 25 жылға жуықтап қалыпты. Бұл жұмыстың өзіне тән қиындығы да, қызығы да мол. Себебі, халықпен, көпшілікпен жұмыс істейміз. Бұқара халықтың көңілін тауып, бәрінің бірдей көңілінен шығу – өте күрделі дүние. Ол үшін адамға білім, табандылық, парасаттылық керек, – деп атап өтті ол.

Нұрмұха Шаймерденовтің негізгі жұмыстарының бірі – қазақ тілінің біліктілігін тексеретін «Қазтест» емтиханын өткізу. Ол осы уақытқа дейін 15 мың адамды тестілеуден өткізген. Сонымен қатар, қазақ тілін дамытуға да өлшеусіз үлес қосып келеді. Шетелден келген мамандар мен қазақ тілін үйренуге құлшыныс білдіргендер адамдарға тілдік курс ашқан. Биылдың өзінде 700-ге жуық адам аталған курстан білім алып жүр.

– Жұмыс өте көп. Хат-хабарға жауап береміз. Елдің өтінішіне назар аударамыз. Сондай-ақ, жоспар жасап, іс-шаралар ұйымдастырамыз. Қазақ тілін меңгеруге арналған курсымызды жүргіземіз. Қазіргі уақытта 700-ге жуық адам біздің курстан білім алып жатыр. Осы еңбегіміз кішігірім болса да қоғамға пайдасы тиіп жатыр деген ойдамыз, – деді маман.

Нұрмұха Шаймерденовтің бір ұл, бір қызы және 6 немересі бар. Жары – Гүлмира Шаймерденова табысты еңбек еткен ардагер ұстаз. Жұмыс уақытында сабырлы да салмақты қызмет атқаратын маман үйде балалық арманын орындап, домбырамен ән айтқанды ұнатады. Сондай-ақ, отбасымен бірге жиі табиғатқа шығып, қаланың тынымсыз тіршілігінен демалғанды жақсы көреді.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Ұлттық жобалар жүзеге асып жатыр

Мемлекет басшысының Жолдауы аясында «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» атты ұлттық жоба әзірленіп, бекітілгені белгілі.

Осыған орай, қазір ұлттық жоба балар аясында халыққа IT дағдыларын тегін үйрететін инновациялық мектептер ашылып, мамандар даярлауға кірісіп кетті. Бұл жоба екі жылда жоғары білікті мамандарды даярлап шығатын инновациялық бағдарламалау мектептері деп аталады. Сонымен қатар, дәл осындай бағыттағы тағы 2 мектептің түлектері Қазақстанда отырып та, жаһандық Big Tech компанияларымен жұмыс істей береді.

Тағы айта кетерлігі, инновациялық мектептердің дамуы үшін Tech Orda бағдарламасы бойынша 20 мың вәучер бөлінді. Бұл кез келген адамның инновациялық бағдарламалау мектебінде тегін оқуына мүмкіндік береді. Ең бастысы, инновациялық мектептерде тек қана мектеп түлектері мен студенттер ғана емес, IT дағдыларын үйренгісі келген барлық адамның оқуына болады. Жалпы, Ұлттық жоба 10 бағыттан, 226 тапсырмадан, 44 көрсеткіштен және 211 іс-шарадан тұрады. Жобаларды іске асыру мерзімі 2025 жылға дейін жалғасады.

Ұлттық жобаның тағы бір ерекшелігі – Халыққа қызмет көрсету орталықтарында цифрлық және видеоқызметтер іске қосылатын болады. Мұндай жобаны жүзеге асыру үшін сапалы білім алу керек. Бұл ретте «Виртуалды информатика мұғалімі» жобасы да жүзеге асырылмақшы.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

МОДУЛЬДІК БАҒДАРЛАМА

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ модульдік бағдарламамен магистратураға қабылдайды

Қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы модульдік оқыту принципімен магистратура бағдарламаларына қосымша қабылдай бастады. Құжаттарды онлайн түрде admission.ara.kz жүйесі арқылы 1–30 қараша аралығында тапсыруға болады. Қабылдаудың басталғаны туралы Алматы қалалық филиалының директоры Айгерім Абилова Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.



мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор қызметкері мен мәслихат депутаттары үшін маңызды. Оқу жылы 6 модульден тұрады, олар офлайн және қашықтықтан өтеді.

Қабылдауға мемлекеттік органның жолдамасы (мемлекеттік қызметшілерге арналған), мемлекеттік тілді B1 деңгейінен төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын QAZAQ RESMI TEST немесе ҚАЗТЕСТ сертификаты, басқа да құжаттар қажет. Академия 11–26 қараша аралығында өтетін QRT-тестін тапсыруға арналған қазақ тілі бойынша дайындық курсын ұсынады. Спикер, сондай-ақ, 2024 жылғы қабылдау ережесіндегі негізгі өзгерістер жөнінде айтып берді.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ТЕМІРЖОЛ

АСТАНА – АЛМАТЫ – ШЫМКЕНТ қалалары арасында қосымша Тальго пойыздары қатынайды

Осы жылдың желтоқсан айынан бастап жолаушылар арасында сұранысы жоғары бағыттар бойынша №101/102 «Астана–Алматы» және №111/112 «Астана–Шымкент» қосымша Тальго пойыздары қатынайды.



(Фото: railways.kz)

«Біз «Жолаушылар тасымалы» АҚ-мен бірлесіп, маршруттық желіні оңтайландыруға арналған инновациялық шешімдер әзірлеудеміз. Бұл жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартып, Қазақстанның ірі қалалары арасындағы қозғалыс жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді», – деді «DB E&C» компаниясының интер-модальды тасымалдар бойынша бас директоры Николайс Сидоров.

Сондай-ақ, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау қағидаттарын ескере отырып, ХАБ орталықтарындағы қала маңы және аралас көлік түрлерінің дамуы аясында жаңа теміржол маршруттық желісін құру мүмкіндігі қарастырылады.

Досбол ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2024 жылы 12 қарашада сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Алматы қаласы, Әди Шәріпов көшесі, 53 мекенжайдағы №95 мектеп лицейі КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер **Instagram – akimat_almaly**, **Facebook – akimatalmaly**, **Telegram – almalyaudany**, Алмалы ауданы әкімі аппаратының **WEB сайты** арқылы және **313-31-08**, **313-31-12** телефондары арқылы жүргізіледі.

Алмалы ауданының «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, қазақ және ағылшын тілдері, сондай-ақ қашықтықтан оқыту мамандықтары бойынша курстар өткізуде.

Мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон:
+7 (727) 378-88-04.
Әлеуметтік желілер:
tenqogam.almaly.2024
(Telegram, Instagram, Facebook).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҚЫСТЫҢ БАСЫ БІРІ ЕРТЕ, БІРЕУІ ЖӘЙ...»

Алматыға қар түсті. Өткен жылғыдан жұқа. Жәндіктер болса, әрекетін жасап жатыр. Биылғы қыстың кеш келетінін әрі жайлы болатынын аңғартқандай



Қараша айында амал да, осы айдың басқаша атауы да көп. Әр аймақ өз ыңғайына, табиғатына қарап атау қойған. Ай ішіндегі көп амалдың бірі – «Боқырау» («Бозқырау») көрініс беруде. Қараша айының 15 жаңасына дейін жалғасады. Өткен жолы да «Бозқырау» жайында сөз қозғағанбыз. Бірақ ол ай төңірегінде еді. Себебі, қазекен қараша айын Бозқырау деп те атаған. Бүгін «Бозқырау» амалы туралы әңгімелемекпіз.



Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ

«Қарашада қар жатпайды, қар жатса тек жатпайды» деп айтылады. Ал табиғаттың қыры мен сырын жете ұғынған зерделі ақын Мұқағали Мақатаев бұл амал тұрғысында былайша жырлапты: «Қарашаның ұлыса желі гулеп, түсіне бер қаңтардың желігі деп». Бұл екі құбылыс та ептеп көрініс беріп келеді.

Бұлтқа қарап жасалған жорамал:

*Бұлт желге қарай көшсе, онда кешікпей қар жауады.

*Бұлт ортасынан ыдыраса, ауаның райы бұзылады.

*Бұлт шетінен ыдыраса, ауа райы түзеледі.

*Бұлт көкжиектен будақ-будақ болып өркештене көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ.

*Бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.

өзі? – Әжесі маса шаққан жерлерін сипалап тұрып: «жас кезімізде атамыз маса-шыбынның қарасы қара күзге дейін жоғалмаса, қыс жылы болады» деуші еді деп, немересін жұбатты.

Әжей жаңылысқан жоқ. «Қараша айында шыбын-шіркей, маса-шыбын әрекетін тоқтатпаса, күз ұзаққа созылады, желтоқсан айының алғашқы жартысына дейін ауа райы жылы болады». Қазақы пайым осылай дейді.

Медицинаның атасы Гиппократ түймедақ гүлін дәрілік өсімдіктің ең шипалысы деп бағалаған. Түймедақ бет қаритын аяз болғанша өсіп, гүлдей береді екен. Қазір де аппақ гүлдерін шашырата жайып гүлдеп тұр. Бұл да шуақты күндердің әлі жалғасатынын білдіргендей...

Алда «Қауыс», «Ақ қар», «Үлкен қараша» бар. Бұлардың бәрі қыстың алғашқы хабаршысы іспетті өзімен бірге қар, дауыл, ызғар ала келетін қаһарлы амалдар. Сол себептен қазекен суықтарға шыдамайтын кәрі-кұртан, көтерем малдарды сойып, күз-соғым жасаған. Ел ішінде «қараша қауыс, кәрі-кұртанды тауыс» деген мақал сақталған. Қазекен қараша айын Қауыс деп те атаған. «Қараша келмей, қар жаумас» деген бұрынғы табиғат та-мыршыларынан қалған тәмсіл бар...

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Өмір жолы даңғыл болмайтыны белгілі. Қуанышта асып-тасымау, қиындықта құламау адамның қандай екенінің де өлшемі болып жатады кей-кейде. Осынау кінделікті қым-қуыт тіршілікте сан адаммен жүздесеміз, түрлі оқиғалармен бетпе-бет келеміз. Бүгін өзім куә болған бірнеше оқиғамды, қойын дәптеріме түртін қойған жазбаларымды сіздермен бөлісейін.

«КӘУСАР»

Қала іргесіндегі ауылға қатынайтын 203-ші автобуска отырдық. Келесі аялдамадан бір әйел мінді. Қысқа шашы таралмаған, үстіндегі күртесінің етегі батпаққа малынған. Етігі де. Күртесінің алды ашық. Етігінің сыдырмасы да. Масаңдау. Ішкілікке енді салына бастағаны байқалды. Қазақ әйел.

Бір кезде автобус ішін жағымсыз иіс алып кетті. Қолқаны қаба бастады.

– Түсіріп тастау керек! – деді бір еркек. Жанындағы екінші еркек те қостады. Бірақ екеуінен басқа, жүргізуші де, өзге жолаушылар да жол бойы ләм-мим демеді.

– «Кәусардан» түсемін, дұрыс келе жатырмын ба? – деп сұрады әйел көпшілікке қарата.

– Иә, иә, осы автобус барады «Кәусар» кафесінің алдына, – деді жолаушы аққұба әйел.

Отырамын деп те ұмтылмай, ішкенінен қысылды ма, шеткерірек бұрышта тікесінен тік тұрып келген әлгі орта жастағы әйел, аяғы талды білем, босаған орынға барып отырды. Жанындағы әйел тұрып кетті, жағымсыз иістен қашқаны, бірақ артық ештеңе айтпады, тыжырынған да жоқ.

Автобус «Кәусар» аялдмасына таяғанда бағанағы аққұба келіншек артқы жақтағы орнынан тұрып келіп масаң әйелді иығынан түртті.

– Өтіп кетпеңіз, сіз қазір түсесіз, – деді де, өз орнына қарай кетті.

Ішкен әйел «Кәусардан» түсті. Терезеден қарап отырмын. Қас қарайған шақ. Дала суық болды ма, әйел кеуде тұсын қаусыра ұстап, кеш қараңғылығына сүңгіп кетті...

«БАРАХОЛКА»

«Барахолкаға» барғанбыз. Бәрі бар. Іздегенің түгел табылады.

Қырғыздар тіккен киімдер әдеттегіден көбейіп кетіпті.

Қойын дәптердегі қоңыр сөз немесе көңілді тербеген сары күз



Тігінмен айналысып жатыр әйтеуір. Ал біз әлі мейрамхана, кафе салып жарысып жатырмыз.

Иә, қазір үлкен Талғар трассасын қойып, енді Құлжа трассасының бойында бірнеше мейрамхана бой көтеруде, көктем басталғалы. Міне, қара күз түсті, әлі салынып жатыр. Бітпейтін мейрамхана! Киім тігетін, аяккиім тігетін, сөмке тігетін фабрика салатындар жоқ!

«Барахолканың» сыртында, ашық аспан астындағы жаймабазарында аппақ жейделер ұзын үстелдер үстінде жайрап жатыр. Оқушылардың жейдесі. Ел алып жатыр. Бағасын 2500 деп ақ қағазға иқы-жиқы етіп жаза салған. Бағасы қолжетімді. Әлгі ақ көйлектер күн көзіне шағылысып, ерекше жылтырайды бір. Синтетика, жылтырап тұрғаны сол. Оны киетін қазақтың баласын аядым...

ҚҰМАН

Бүгін Ақмаржан қызымызды алып кетуге бардық. Үйінен ұзатты. Жалпы, мейрамхана, кафеде емес, үйде өткен той жақсы ғой. Үстелге жағалай жайғасып бола бергенімізде, қолында құманы, иығында сүлгісі бар ақжарқын бала кіріп келе жатыр. Көңіліме сондай жылы әсер етті. Бала күнімнен көріп өскен дәстүрім!

Бұл қандай заманауи бала құманның шүмегін сол қолымен ұстап тұрып су құю керектігін білетін деп таңқалғаным рас.

– Ауылға барғанда атам үйреткен деді бала. Аты – Дәурен.

Құманындағы суы да жып-жылы балаға «Бақытты бол, ақұдай!», «Өркенің өссін!», «Көп жаса!» деген тілегімізді жаудырдық бәріміз. Бала да жақсы сөздерден қанаттанғаны сөзсіз.

Иә, қолға су құюдың да әдебі бар. Суды шүмегінен сарылдатып құя салмай, үзіп-үзіп құяды. Ол да мейманға деген құрмет.

Әрине, қазір қолжұғыш бар, ыстық су да шүмектен ағып тұр. Бірақ қазақ қонағын қадірлейтінін осылай қолға су құю дәстүрімен де білдіргені тіпті керемет! Басқалар мейманын құрметтеуді қазақтан үйренсін!

Нұржамал ӘЛІШЕВА, журналист.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 528,85 теңге

\$ USD/KZT 492,14 теңге

₽ RUB/KZT 5,01 теңге

¥ CNY/KZT 68,69 теңге